

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



САЯСАТ НҰРБЕК, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ

Жыл қорытындысы: жаңа жатақханалар, білім беру гранттары мен шәкіртақыларды көбейту және шетелдік университеттердің филиалдарының ашылуы

Азаматтарға жоғары білімді қолжетімді студент қосымша тетігі ретінде «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін әзірлеу басталды.

Жүйе аясында балаға арнайы шот ашылып, оған мемлекет 60 АЕК (5 жастағы балаларға) мөлшерінде бастапқы білім беру капиталын салады. Онда ата-аналардың ерікті жарналары, 5%-7% мөлшерінде жыл сайынғы мемлекеттік сыйлықақы және инвестициялық табыс қаражаты жиналатын болады.

Айына 1 АЕК мөлшерінде ең төменгі жарна салына-тын болса, бала 18 жасқа толғанша 3,3 млн теңгеден астам қаражат жиналады. Ата-аналардың ерікті жарналары, мысалы, айына 3 АЕК-ке дейін жетсе, 7 млн теңгеден астам қаражат жинау мүмкін болады.

Сонымен қатар, жүйе аясында халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау шаралары көзделген. Грантқа түскен жағдайда талапкер жиналған қаражатты тұрғын үй сатып алуға жұмсай алады.

2023 жылы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 88 мыңнан астам грант бөлінді, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 23%-ға артық. Бұл көрсеткіш 2019 жылдан бастап тұрақты түрде өсіп келеді, ол кезде мемлекеттік тапсырыс көлемі 51 мың грант болған.

1 қыркүйектен бастап студенттердің шәкіртақысы 20%-ға өсіп, 41 898 теңгеге (педагогикалық ғылымдар – 67 200 теңгеге) жетті, магистранттар мен докторанттар шәкіртақылары 15%-ға өсіп, тиісінше 97 024 және 217 500 теңгеге көтерілді.

Биыл 5,9 мың орынға арналған 25 студенттер жатақханасы пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 5 мың орындық тағы 19 жатақхана ашу жоспарланып отыр. Жалпы барлық көздер есебінен 2028 жылға дейін 55,5 мың орын пайдалануға берілетін болады.

Колледж студенттерінің стипендиясы 50%-ға көтерілді.

Колледж студенттеріне арналған жаңадан 13 жатақхана ашылды.

ТЖКБ ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы 133 мың орынға дейін ұлғайтылды.

Зерттеу экосистемін құру және серпінді технологияларды дамыту мақсатында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және М. Әуезов атындағы ОҚУ зерттеу университеттеріне айналды. Бұл университеттік ғылымның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосар үлесін ұлғайтуға, экономиканың түрлі салаларында жаңа өнімдер мен технологиялық процестерді құруға, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландырудан түсетін табысты ұлғайтуға, жаңа кәсіптер мен технологияларды ескере отырып, инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Халықаралық академиялық рейтингтерге қатысуды кеңейту есебінен қазақстандық жоғары оқу орындарының халықаралық білім беру кеңістігінде танылу деңгейі артты. Мәселен, QS WUR 2023 рейтингіне 21 қазақстандық ЖОО кірді, көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп отыр. Сондай-ақ Times Higher Education рейтингінде ҚР жоғары оқу орындарының белсенділігі артып келеді.

Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары жалғасуда.

1 қыркүйектен бастап Қазақстанда педагогикалық білім беру сапасын арттыру үшін Дүниежүзілік банк желісі бойынша пилоттық режимде 30 инновациялық білім беру бағдарламасын іске асыру басталды. Олардың ерекшелігі – педагогтардың зерттеу дағдылары мен цифрлық құзыреттіктерін дамытуға баса назар аударылады.

Coursera-мен ынтымақтастық аясында пилоттық жоба ретінде курс енгізу мақсатында қазақстандық 25 жоғары оқу орнының тізімі анықталды. Бүгінгі таңда 44 мыңнан астам студент Coursera платформасында 67 мыңнан астам курстан өтіп, тиісті сертификаттар алды. Бұл курстар IT, кәсіпкерлік, физика және бизнес салаларын қамтиды.

gylym_jogarybilim





2 Университет жаңалықтары

Қараша-Желтоқсан, 2023 жыл

РЕКТОР БАҒАНАСЫ

ТАРИХ ЖӘНЕ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

14 желтоқсан 2023 жыл. Миялы. Қасиетті Қызылқоға топырағында «Тарих және рухани сабақтастық» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлының туғанына 140 жыл, ақын-композитор, жорық жыршысы Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл, Мұрат Мәңкеұлының туғанына 180 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Мазмұнды баяндамалар мен тағылымды ойлар, тың деректер айтылған жиында халелтанушы Аманқос Мектеп-тегі, тілші-ғалым Орынай Жұбай, Абай Дүйсенбаев, Алаш мұрасын зерттеуші ғалым Ғарифолла Әнес және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Шахман Нағымов, өлкетанушы, ардагер журналист Төлеген Жаңабай, филология ғылымдарының докторы Алтай Тайжанов, тарих ғылымдарының докторы Сайфолла Сапанов, халелтанушы ғалым Ғабит Базарғалиев баяндама жасады.

Бұл жиында басқарма төрағасы-ректор ретінде Алаш қайраткері Халел Досмұхамедовтің өмірі мен еңбектерін зерттеуге зор үлес қосқан ғалымдарға «Халел Досмұхамедұлы» алтын медалін тапсырдым. Университеттің атаулы медалін халелтанушы Аманқос Мектеп-тегі, тілші-ғалым Орынай Жұбай мен Абай Дүйсенбаевтің кеудесіне тақтым. Сондай-ақ, Университет жанындағы профессор Х.Табылдиев атындағы Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы ғылыми-зерттеу институтының шығарған кітаптарын аудан кітапханасына табыс еттім.

Конференцияда сөз алып, өзімнің бірнеше ұсыныстарымды білдірдім. Конференция Еліміздің Тәуелсіздік мерекесі алдында өтуі заңдылық. Себебі, осы тұлғалар кезінде ел егемендігін аңсап, арманда кеткен, болашақ елдің егемендігі болатындығына сенген тұлғалар. Сондықтан олардың өмірі босқа кеткен жоқ, міне, бүгінгі елдің Тәуелсіздігі - соның дәлелі. Оны өз шығармаларында жоғарыда аталған тұлғалар жазып кеткен.

Б і р і н ш і д е , о с ы н д а й конференциялардың ауылда өтуі, ауыл жастарын, мектеп оқушыларын ғылымға тартуға, ізденуге, тарихи тұлғалар өмірімен танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан, Атырау университеті Қызылқоға ауданының Халел туралы жобалар, олимпиада мен мықты эсселер конкурсы жеңімпаздарына гранттар беруді қолға алады. Біз, әрқашан ауылдың талантты жастарын қолдауымыз керек. Мықты ғалымдар, сол кезінде ауылдан шыққан азаматтар.

Екіншіден, Атырау университетінде барлық бірінші курс студенттері үшін Халелтану курсы жүреді. Университетте «Халелтану» орталығы биыл қайта ашылды. Бұл бағытта орталыққа жаңа міндеттер қойылып отыр. Олар, алдағы уақытта Атырау облысы мәдениет және тілдер басқармасы көмегімен университет жанынан Халел мұражайын ашу. Оны облыстық мұражай арқылы қорғалуын қамтамасыз ету;

2024 жылы академик, филолог Рабиға Сыздықованың 100 жылдығы аталып өтпекші. Ол Қызылқоға ауданында дүниеге келген. Осы үлкен мерейтойға дайындық жұмыстарын бастау және конференция өткізу;

Халелтану ғалымдардың басын біріктіріп, Халел энциклопедиясын жасақтау. Халелдің 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде тану мәселесін нақтылау.

Конференция жоғары дәрежеде ұйымдастырған аудан әкімі Қанат Әзмұхановқа, ауданның азаматтарына өз атымынан және университет ұжымы атынан алғыс білдіремін.

«BINOM» МЕКТЕБІМЕН МАЗМҰНДЫ МЕМОРАНДУМ

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен «BINOMATYRAU» ЖШС арасында өзара ынтымақтастық жөніндегі Меморандумға қол қойылды. Меморандум мақсаты - болашақ мұғалімнің жеке тәжірибесін зерттеу және мектептегі тәрбие жұмысының идеясын түсінуіне көмектесу арқылы оның кәсіби шеберлігінің өсуі мен педагогикалық бастамаларына қолдау көрсету.

Университет ректоры Саламат Нұрмұханұлы атап өткендей, өнеркәсіпті Атырау өңіріндегі басты байлық - адами капитал деп есептесек, сапалы ел болашағын қалыптастыруға жаңадан ашылған заманауи «BINOM» мектептерінің қосып отырған үлесін жоғары бағалауға болады. Қазіргі күні елімізде сегіз «BINOM» мектебі бар, оның алтауы Астана, екеуі Атырау қаласында орналасқан.

Салтанатты іс-шарада «Білім болашағы» қоғамдық қоры BINOM Education жобасының директоры Шолпан Қадырова тағы бір оң жаңалықты жеткізді. Белгілі болғандай, болашақта Атырау



қаласынан осы білім желісі бойынша тағы да екі мектеп ашу жоспарланып отыр екен.

Сонымен қатар, тараптар үшін маңызды құжатқа қол қою барысында «Бином-стажер» жобасы жөнінде айтылды. Ол студенттің 1

курстан бастап «BINOM» мектебімен қоян-қолтық араласып, университет бітіргенге дейін тәжірибе жинап, білім ұйымының болашақ маманына айналуын қарастырады. Пилоттық жоба қазірдің өзінде өміршеңдігін дәлелдеп үлгерген.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің психология және педагогика кафедрасының жанынан психологиялық кеңес беру кабинеті ашылды.

Кафедра меңгерушісі Қарас Өржанұлы психологиялық кеңес беру кабинетінің ашылуына түрткі болған басты

үш мәселені атап айтты. «Біріншіден психолог мамандарын даярлауда психологияның қолданбалы саласын игеруге мүмкіндік беретін бір орта болады; екіншіден университетішілік «ЖОО-да педагогтердің кәсіби эмоционалдық қажуының алдыналуының психологиялық механизмдері» тақырыбындағы жоба жетекшісі ретінде атаулы кабинеттің университет ұжымы үшін де маңыздылығы жоғары; үшіншіден кафедра профессор-оқытушыларының белгілі бір әлеуметтік жоба шеңберінде жұмыс жасауларына да септігін тигізеді деген ойдымын», - деп тұжырымдады ол.

Алдағы уақытта психология мамандығының студенттері бұл орталықта өз тәжірибелерін шындап, басқа ортаға дайын маман болып бара алады. Және де профессор-оқытушылар құрамы университеттің қызметкерлеріне, студенттеріне кез-келген уақытта психологиялық көмек беріп, қолдау көрсетеді.

Кабинеттің лентасын академиялық мәселелер жөніндегі проректор Асхат Ералыұлы мен кафедраның ардагер ұстазы Сәлима Қайыржанқызы қиды.



ЗОБАЛАҢ ЖЫЛДАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖАЛҒАСУДА

Атырау университетінде Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссиясының «Атырау өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін тарихы: зерделеу мен зерттеу» республикалық ғылыми-практикалық конференциясы онлайн және оффлайн форматта өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасы басшысы Гүлнұр Сүйеуованың шараның маңызы мен тарихи орны жөніндегі мазмұнды сөзімен ашылған шараға саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиясының мүшелері, оқу орнының оқытушы ғалымдары, «Қоғамдық келісім» КМК қызметкерлері, қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары мен студенттер қатысты. Жиынды т.ғ.д., «Х.Табылдиев атындағы Атырау өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сайпулла Сапанов жүргізіп, Маңғыстау облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бөлімінің сарапшысы, өлкетанушы Хайруллаев Нұржігіт «Адай көтерілісінің басталу себептері», ғалымдар Шахман Нағимов «Атырау өңірінде ату жазасына кесілгендер мен хабарсыз кеткендер туралы жаңа мәліметтер, Ұлжан Ахметова «Прорва (Астрахань) ЕТЛ-нің Гурьев лагерлік пункті», Лесқали Бердіғожин «Беркінғали Атшыбаев және өлкедегі халық қозғалысы» және басқа да тақырыптарды баяндама оқыды.

Шахман Нағымұлының айтуынша, ХХ ғасырдың 1920-1950 жылдары Қазақстанда кеңестік билік тарапынан зиялы қауым өкілдері мен мұғалімдерге, дін жолындағы адамдарға, тіпті қарапайым жұртшылыққа қарсы жаппай саяси қуғын-сүргіндер жүргізілген. Ресми деректерде республика бойынша көрсетілген мерзімде 120 мың адам саяси қуғын-сүргіндерге ұшырап, 25 мың адам атылған деп көрсетілгенмен, ғалым бұл деректер шындыққа сай емес деген пікірін нақты дәлелдермен көрсетеді. Айталық, халқының саны 1938 жылы 200 мыңға жетпейтін Гурьев уезі бойынша сол кезеңде 13 мыңның үстінде адам саяси қуғын-сүргіндерге ұшырап, 90-жылдардың аяғында солардың тек 3365-і ақталған еді. Ішкі істер халық комиссиясы басқармасы «үштігінің» шешімімен 2500 адам сотталып, олардың арасынан 730 адам ату жазасына кесіліп, 621 адам атылды. Шара соңында аталған комиссия мүшелері саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмысы бойынша жүргізген белсенді жұмыстары үшін Мемлекеттік комиссияның жобалық офисінің басшысы Сабыр Қасымовтың және университет ректорының Саламат Идрисовтың Алғыс хатымен марапатталды. Өз кезегінде, комиссия жұмысына қолдау білдіріп, қолда бар дерек-шежірелерімен бөліскен қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарына да арнайы аталып өтті.



ҚАЗАҚИ ОЙШЫЛ, БІЛГІР ҒАЛЫМ



Профессор Алтай Тайжанов ғалым, философ, қоғам қайраткері ретінде Ақтөбе облысы көлемінде ғана емес, елімізден тыс жерлерге де танымал. Оның өскелең ұрпақты тәрбиелеуге, ұлтымыздың құндылықтарын насихаттауға сіңіріп келе жатқан еңбегі орасан. Алтай Тайжанұлы кәсіби біліктілігінен бөлек, өмірде қарапайым, ақкөңіл, адал азамат. Сондықтан да оның өмір жолы, адамдық болмысы, қоғамдық-педагогикалық қызметі, азаматтық тұлғасы, адамгершілік қасиеті кейінгі толқынға, жалпы көпке үлгі. Қиындығы мен қызығы мол ұстаздықты таңдаған Алтай ағай әрбір шәкіртінің жүрегінде ғылымның зердесін оятқан ұлағатты ұстаз. Сондай-ақ, ол жамандықтан ада, жақсылыққа жаны құмар, парасат биігінен көріне білген нар тұлға.

Өміріңе мән беріп, өзіңе де, өзгеге де, жалпы халқына қалтқысыз қызмет ететін адал жандар жаныңда жүрсе, бойыңа қуат бітеді. Сондай көңілі таза, игі адамдардың жөні бір бөлек. Сол болмысымен үлкен-кішіні тәнті еткен тұлға – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік Ғылымдар Академиясының академигі, Әуезовтанушы Алтай Тайжанов 75 жасқа толып отыр. Бүкіл саналы ғұмырын ол ғылымның кенжелеп қалған саласы саналған қазақ философиясына үлес қосуға арнап келеді, сонымен қатар, жоғары оқу орындарындағы ұстаздық қызметтен де қол үзген емес.

Ардақты ұстаздың есімін болашаққа самғататын құнды мұралары мен игі істерін тізбелей берсек, томдық кітап шығары анық. Десек те, Алтай Тайжанұлы қазақстандық философия және қоғамдық ой тарихы, мәдениеті, этномәдени білім мен тәрбие беру мәселелерін зерттеумен айналысады. Оның ғылыми еңбектерінің айтарлықтай бөлігі ойшыл-жазушы Мұхтар Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық аспектілерін зерттеуге арналған. «Мұхтар Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектері» тақырыбында 1995 жылы докторлық диссертация қорғаған. Тақырыбының өзі – қазақ халқының дүниетанымын тереңнен түсіндіру, кеңінен насихаттау мақсатынан туған қадамы емес пе! Жалпы қазақтың философиясы өмірді ерекше мәнді ететін ынтымақ пен бірлікке, сый-пайы сыйластыққа негізделген өзгеше әлем, – дейді профессор Тайжанов.

Ұстаз-аға еліміздің озық ойлы ғалымдарымен иық тіресе жүріп, ел ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан пайымы мол азамат. Ол ұлт руханияты мен елінің кемелді келешегі үшін ізденіп, кейінгі буынға ілім-білімді дәріптеп келеді. Кең ойлап, терең толғанатын дара қолтаңбасы бар. Ғылым мен білімнің, қоғам мен әлеуметтің сырына шынайы үңілген тұлға. Қазақта «Жақсыдан шапағат» деген сөз бар ғой, Алтай Тайжанұлымен қызметтес бола жүріп, ол кісінің шапағатын көріп келемін, адамгершілігі биік тұлғасынан үлгі-өнеге алып келемін. Жаратылысынан мейірімділік пен жақсылыққа жаны құмар ағаның әр сөзі, әр қимылы, ұрпақ, ұлт рухы хақындағы толғанысқа толы пайым-тұжырымдары ұжымымыз үшін тәлімді мектеп боп келеді. Бізге қазіргі уақытта Абай айтқан «Ақылмен ойлап сөйлемек» керек. Кейінгі ұрпақ ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуі тиіс. Сондай тұлғалардың бірі – ғылыми

еңбектері арқылы бізбен бірге жасасып келе жатқан Алтай Тайжанұлы дер едім.

Алтай Тайжанов өзінің бүкіл саналы ғұмырын арнаған білім саласының болашағына алаңдайды. Білімнің стратегиялық маңызды сала екенін, ұлттық білім жүйесін нығайту жолында жас ғалымдар аянбай етуі керек деп санайды. Профессор Алтай Тайжановтың ұзақ жылдар бойғы еңбегі лайықты бағаланып, ол «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атанып, «ҚР ғылымын дамытудағы еңбегі үшін белгісінің» иегері болды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары – «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен марапатталған. Ақтөбе қаласының Құрметті азаматы.

2004-2017 жылдар аралығында Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университетінің «Әлеуметтік-саяси пәндер» кафедрасының меңгерушісі болды. Әлі де осы ұжымда абыройлы еңбек етіп келеді.

Қорытындылай айтқанда, белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз Алтай Тайжанұлы кішіге үлгі, ізденушіге ізгілігін таныта білетін арда азамат дегім келеді. Жылы шырайлы жүзімен кез келгенді жанына жақын тартатын, салмақты, салиқалы сөзімен баурап алатын, ағалық қасиетімен қашанда жылы шуағын шаша білетін ерекше адам. Оның білім мен ғылым жолындағы төккен тері мен ерен еңбегі ұлт тарихының жарқын үлгісі екені сөзсіз. Биыл ардақты ұстаз Алтай Тайжанұлы 75 жасқа толып, ағайын-туысы мен ізбасарларының ыстық ықыласына бөленуде. Жүз жасаңыз, жайсаң жан!

Жанар Төлепбергени,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
медицина университетінің
қоғамдық-гуманитарлық пәндер
кафедрасының жетекшісі

ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЫ

30 қараша – Есенаманова Мансия Санаққызының туған күні, қарапайым туған күні емес, мерейтойы, өмірі мен қызметінің мерейтойы. Мерейтой дегеніміз не? Бұл адамның дүниеге келуін, оның білімі мен дамуын, туыстарымен, достарымен, әріптестерімен өзара әрекеттесуін, әлемді эмоционалды, эстетикалық және ғылыми тұрғыдан түсіну тәжірибесін алуды қамтитын өмір сүрген жылдар. Бұл әр түрлі кәсіби және әлеуметтік қауымдастықтардың қызметіне қатысу, шығармашылық жасампаздықтың ауқымы, тереңдігі мен әлеуметтік маңызы уақыт өте келе ғана ашылады. Нағыз ғалымның мерейтойы әрқашан қорытындылау болып табылады және адам ретінде де, ғалым ретінде де, азамат ретінде де, отбасы адамы ретінде де оның жетілуінің әдемі кезеңіне тағы бір қадам.

Мансия Санаққызы – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Экология» кафедрасының «байырғы» қызметкерлерінің бірі. 2005 жылдан бері жұмыс істейтін кафедраның бастауынан бірге келе жатқан Мансия Санаққызының ғылыми қызығушылықтары өте кең. Бірақ, ол кісінің ғылыми қызығушылығының негізгі саласы, оның кәсібі – жер және қоршаған орта туралы ғылым. Ол бұл мамандыққа, ғылымға өмір бойы адалдық танытып келеді: оның кандидаттық диссертациясының тақырыбы – «Ашық қойма мен полигон маңындағы радиоактивтік қалдықтардың қоршаған ортаны дастауын төмендету әдісін жасау» (2004). Мансия Санаққызы Есенаманованың есімі ғылыми кәсіби қоғамдастықта ластану және қоршаған ортаны қорғау проблемаларын зерттеумен және дамытумен байланысты болуы кездейсоқ емес.

Мансия Санаққызының өмірінде ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық қызмет те үлкен орын алады: 2005 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ол Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Экология» кафедрасын басқарады. Бұл салада ол қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ұйымдар үшін мамандар даярлау сынды миссияны орындайды. Ғалымның жетістіктерін атап айтатын болсақ, 2006 жылы 28 сәуірде өткен ІІІ республикалық өнертапқыштық жетістіктер байқауында «Ең талантты жас өнертапқыш» номинациясы бойынша диплом иегері. 2006 жылы талантты жас ғалымдардың мемлекеттік ғылыми стипендиясын алды. 2007, 2019 жылдары Қазақстан Республикасы Білім



және ғылым министрлігі министрінің Құрмет грамотасымен, 2023 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігі министрінің алғыс хатымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Үздік оқытушы-2020» атағының иегері. 2013 жылдың ақпанынан 2014 жылдың ақпанына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының жеңімпазы ретінде Англиядағы Нортхэмптон университетінде (the University of Northampton) қарқынды ағылшын тілі курсы мен педагогикалық тағылымдамадан өтті. Сонымен бірге, Мансия Санаққызы басқа бағыттарда да белсенді. 2005, 2006 және 2007 жылдары ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру мен өткізуде министрліктің өкілі болып жұмыс істеді. 2009 жылдан бастап сарапшы ретінде М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясы, З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік университеті, Жәңгір хан

атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, «Қазтұтынуодағы» Қарағанды университетінде мамандандырылған аккредиттеуге қатысты. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық» РМҚК республикалық ғылыми-практикалық орталығының тапсырысы бойынша оқу құралдарының сараптамасына қатысты. 2008 жылдан бастап Атырау қаласы әкімдігінің, Атырау мұнай өңдеу зауытының Атырау облысының Экология департаментінің, «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» компаниясының (NSOC) сараптамалық тобының құрамында жұмыс істеді.

М.С.Есенаманованың жүзден астам мақаласы әртүрлі ғылыми журналдарда, соның ішінде университет газетінде, халықаралық рецензияланатын Scopus (Скопус) базасындағы журналдарда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, республикалық, халықаралық конференциялардың басқа да ғылыми басылымдары мен жинақтарында жарияланған. Жеке немесе басқа оқытушылармен бірге жарияланған бірнеше оқулықтар мен монографиялардың авторы.

Ресей Федерациясы Элиста қаласының Қалмақ мемлекеттік университетінің «Экология» сериясындағы «Далалық зерттеулер» және «Халықаралық қолданбалы және іргелі зерттеулер журналы» ғылыми журналдарының редакциялық алқасының мүшесі.

Түрлі жобаларға, соның ішінде, ЖОО ішіндегі қаржыландыру жобасына, бастамашыл ғылыми-зерттеу жобасына, Қалмақ мемлекеттік университетімен бірлесіп халықаралық жобаларға, ғылым және жоғары білім министрлігінің жетекшілігімен 30 білім беру бағдарламасын әзірлеу бойынша Дүниежүзілік Банктің жобасына қатысты.

Мансия Санаққызы – керемет ғалым және ғылыми қызметті ұйымдастырушы ғана емес. Ол – қамқор ана, сүйікті әже, шәкіртке бай ұстаз. Осындай жан-жақты, ерік-жігері мықты жанмен әріптес болғанымыз үшін қуаныштымыз және оған келіп жеткен жақсы жасында барлық жақсылықты тілейміз!

Экология кафедрасы



4

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні

Қараша-Желтоқсан, 2023 жыл

ТАРИХ ӨТКЕН ҮШІН ЕМЕС, БОЛАШАҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫ: Қазақстандағы ұжымдастыру мен отырықшыландыру саясатының зардаптары

Алтай мен Атырау арасын мың жылдан бері мекен еткен, ата-бабаларымыздан қалған ең қымбат мұрамыз, кең дархан жерімізде - Тәуелсіз Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда күні Конституциялық Заң қабылдап, Мемлекеттік Тәуелсіздігін жариялаған болатын. Туын тігіп, Елтаңбасын таңдап, шекарасын қымтап, еңсесін тіктеген Қазақ мемлекеттілігінің тарихы - бабалардың ізі қалған киелі тарих пен шежіреге толы тереңге тартқан рухани бастаулардан нәр алады.

Тәуелсіздік заңын бекіткенге дейін біздің халық «революциялық жаңартулар мен социализм деген қоғамдық формацияда өмір сүріп, Кеңестер Одағы деп аталған мемлекет құрамында болдық. Бұл Одақтың құрамын да тапқан жетістіктерімізбен қатар жоғалтқанымыз да ұланғайыр. Кеңестік кезеңді тек күнгей жағынан суреттеу келмесе кетті. Көп жылдар жабық «құпия» тақырып болып келген тоталитарлық билік жіберген қателіктер мен әдейі жасалған «ұлттық» сипатты жою бағытындағы саясат зардаптарын ашып көрсетуге мүмкіндік туды. Бұл - Тәуелсіздіктің арқасы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 24 қарашасында «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойып, комиссия жұмысын бастап кеткені баршаға аян. Осы жылы жұмысты қорытындылап, жаңа жағдайлар мен адамдарды анықтап ұсыныс беретін жыл. Мемлекеттік комиссияның құрамында Президент әкімшілігі, Үкімет өкілдері, Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаттары, мемлекеттік ғәм қоғамдық ұйымдардың жетекшілері және ғалымдар, сонымен бірге, Атырау университеті ғалымдары да атсалысты деп ауыз толтырып айта аламыз.

Қазақстан тарихының ең маңызды беттерінің бірі - ол көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруашылықтарын күштеп отырықшыландыру арқылы ұжымдастыру саясаты. Елдің экономикалық, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктерін ескермей жүргізілген зорлап отырықшыландыру қазақ халқының «қызыл табан» шұбырындыға салып, ата қоныстарын тастап көшуге, сонымен қатар, ашаршылыққа ұрындырды. Көшпелі қазақ ауылдарын ұжымдастыру, оларды күшпен отырықшылыққа көшірумен қатар жүргізілді. Бұл шараға Мәскеудегі орталық билік аса мән берді, өйткені, КСРО бойынша барлық көшпелі шаруашылықтардың 80 пайызына жуығы Қазақстанда болды. Қазақстандағы 119 ауданның 94-і көшпелі және жартылай көшпелі.

1930 жылы қаңтар айында ҚАКСР Халком Кеңесі жанынан «Отырықшыландыру жөніндегі комитет» құрылды. Дәл осындай құрылымдар 1929-1930 жылдары округтер мен аудандарда пайда болды. Ақтөбе, Гурьев, Маңғыстау, Орал және басқа округтерде қаржы көзі белгіленіп, 84 шаруашылықты отырықшылыққа көшіру жоспарланды. Алайда, БКП(б) ҚӨПК қаулысында отырықшыланатын көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың саны 79,8 мың болды, бірақ бұл қарама-қайшылықтар кезекті науқанды «большевиктік қарқынмен» жүргізудегі келеңсіз құбылыстарды көрсетеді.

Осы науқан басталған бойда отырықшылыққа көшіп жатқан шаруашылықтар негізінде ауылшаруашылық артельдерін құру туралы да нұсқау берілді. 1930 жылы 9 қаңтарда қабылданған ҚАКСР ОАК-тің 2 сессиясы қаулысында жергілікті тұрғындардан (яғни қазақтардан) ұжымшарларды ұжымдастыру кезінде өндірістік қоғамдастырудың жоғарғы формасына бағыт ұстану қажеттілігі көрсетілді.

1930 жылдың сәуір айында республикалық партия және кеңес органдарына 1500 қазақ отбасыларының Қарақұмға көшіп кеткендігі жөнінде хабар келіп түсті. Қызылқұмнан кейбір ауылдар Қарақалпақ арқылы Түркіменстан мен Бұхара бағытына көшіп кетті. Олар жүздеген кедей-орташа шаруашылықтарын құрады. БКП(б) ҚӨПК қаулы ескертуі тағы да қайталанды. Оны 1930 жылғы 15 маусымдағы бюросы шешімінде: «БКП(б) ҚӨПК барлық округтік комитеттер мен өлкелік ұйымдарға ескерту жасайды, осы жылғы отырықшыландыру жоспары орындалмаған жағдайда, мұны партияның ұлт саясатының маңызды іс-шараларына әдейі кедергі жасау деп қарастырады» деп атап көрсетті. Бұдан кейін округтің өзінің шынайы мүмкіндіктерін, тұрғындардың мүдделерін есепке алмаған отырықшыландырудың жоспарын «көтеру» туралы округтік партия комитеттерінің жергілікті жерлердегі тоқтаусыз әрекеттері басталып кетті.

Үздіксіз қудалаудың, қуғын-сүргін мен аштықтың қысымынан құтылуға тырысқан қазақ ауылдары өз орындарынан басқа Қазақстаннан шеткері жерлерге көше бастады. Ұжымшарлардың қаңырап қалуы жаппай етек алды. Ең алдымен қазақ ауылдары аштықтың салдарынан қырылды. Экономикалық жағынан әлсіз, мемлекеттің назарынан тыс қалған және тіршілік етудің негізгі көзінен айырылған олар төтенше келген қиындыққа қарсы тұра алмады. Ауылда миллионнан астам адам өмірден кетсе де, Ф.Голощекин мал шаруашылығы аудандарындағы қайғылы жағдайды мойындай қоймады. 1931 жылғы қыркүйекте жариялаған мақаласында ол: «Ескі, артта қалған, көшпелі, жартылай көшпелі ауыл өліп жатыр, өлуі де керек» деп айтты. Одақтық органдар қазақ ауылдарына ет тапсыру науқанының сарқылмас көзі ретінде қарады. Тіптен өршіп келе жатқан аштыққа қарамастан, егістік



жері жоқ көптеген көшпелі қазақ шаруашылықтарына астық тапсыру жоспары салынды. Сондықтан да мал өсіруші орта шаруа қажет етілген жоспар бойынша дәнді базардан алуға мәжбүр болды. Соның нәтижесінде бір түйені екі пұт бидайға, қойды - 8 пұт дәнге айырбастады. Ал тапсырма 40-50 пұтқа жететін.


Мал шаруашылығы аудандарындағы «ұжымдастырудың алдыңғы қатарына шығу» жөніндегі жаңа науқандар мен нысаналар белгіленді. Сонымен қатар, 7 балық-мал шаруашылығы: Гурьев, Теңіз, Жылой, Маңғыстау, Балқаш, Арал және Доссор аудандары болды. Таза қазақ тұрғындары бар бұл аудандарда шаруашылықтардың 55 пайызы ұжымдастырумен қамтылды. Жоғарыда айтып кеткендей, Одақтық үкімет Қазақстан ұжымшарларына нақты көмек бермек түгілі, қайта республикадан алынатын ауыл шаруашылық өнімдерін күн сайын көбейте берді. Осы «игілікті істерге» тағы да мемлекеттік мекемелердің төлем жүйесіне енгізілген өзгерістеріне байланысты Қазақстанның 1931-1932 жылдары көптеген кіріс көздерінен айрылғандығы қосылды. Қазақстанға өнеркәсіп тауарларының толық жеткізілмеуінен де жағдай қиындады. Осыған байланысты 1932 жылы 11 мамырда республика қаржы халкомы М.Орынбаев ҚАКСР-не тап болған орасан зор апат жайында КСРО мен РКФСР Қаржы халық комиссариатына құпия түрде ақпарат жолдады. Ол «1931 жылы егіннің шықпай қалуы Қазақстанның барлық дерлік аудандарын қамтыды. Бірқатар аудандардағы 1931 жылы егіннің шықпай қалуы болды» деп Мәскеуге хабарлады.

Отырықшы егін шаруашылығы аудандарында осы кезеңде мал басы 9,3 пайызға қысқарды. Көшпелі және жартылай көшпелі ауылдардағы мал шаруашылығының дағдарысы, оларға қатысты мемлекеттің қысымшылық саясаты нәтижесінде шаруашылық секторлары бойынша мал басы қайта бөлінді. Мысалы, 1933 жылғы 1 шілдедегі деректер бойынша барлық мал басының 80 пайызы орыс тұрғындары басым социалистік (мемлекеттік) секторға шоғырланды. Кеңшарларда республиканың барлық мал басының 4,8 пайызы, ұжымшар-тауар фермаларында - 32 пайызы, колхозшылардың жеке меншігінде және ЖБӨС мүшелерінде - 13,2 пайызы, жекеменшік секторда - 2 пайызы, басқа тұлғаларда - 4,8 пайызы болды. 1932 жылы 17 қыркүйектегі «Қазақстанның ауыл шаруашылығы туралы және мал шаруашылығы туралы» БКП(б) ОК қаулысының орындалуын тексерген КСРО ЖШИ Халық комиссариатымен БКП(б) ОБК бригадасы 1933 жылы: «Қазақстандағы мал шаруашылығы, ең алдымен, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы қазақ тұрғындарының ең көпшілігінің негізгі жұмысы мен жалғыз ғана кіріс көзі болып табылатындықтан, малшаруашылығындағы зор шығынның себебі-қазақ еңбекшілерінің материалдық тұрмысының нашарлауы» деп атап көрсетті. Онда жаппай аштық және жаппай өлім туралы бір сөз де айтылмады. Мәскеулік тексерушілердің осы болған жағдай нәтижесінде Қазақстанның «мемлекетке қанша болсын мал, ет және өзге де мал өнімін өткізуге қатысты өзінің жеке салмағын жоғалтқаны» толғандырды. Дегенмен, 1932 жылы 17 қыркүйектегі БКП(б) ОК қаулысын іске асыру, Қазақстан партия ұйымы басшылығына Л.И.Мирзоянның келуі мал шаруашылығына оң өзгерістер әкелді. Ф.Голощекин мен оның айналасындағылардың жіберген асыра сілтеушіліктерін жою жөніндегі Қазақстан партия ұйымы

мен үкіметінің нақты қадамдары әкімшілік қысыммен құрылған ауыл шаруашылық артельдерін тарату, ашыққан аудандарға салық жеңілдіктерін, мал, азық-түлік беру болып табылады. Жылдың аяғында Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында осы өңірлердің 64 пайыз шаруашылығын біріктірген 1583 мал серіктестігі және 113 ауылшаруашылық артельдері болды. 1004 ауылшаруашылық артели, 624 колхоздық тауар фермасы таратылды, 1933-1934 жылдар ішінде 216 370 мал басы колхозшылардың жеке пайдалануына берілді. Республиканың колхозшылары жеке пайдалануына барлығы 590 200 бас мал алды. Ақтөбе облысында бірде-бір мал шаруашылығы артели қалмады, мұнда 446 мал серіктестігі құрылды. 1934 жылдың қаңтарында Батыс Қазақстан облысында өндірістік кооперативтердің жалпы санының 62 пайызын құрайтын 475 мал серіктестігі болды.

1934 жылы қаңтар айында Қазақстан партия ұйымының VII конференциясы өтті, ол тағы да «мал шаруашылығы аудандарындағы ұжымшар қозғалысының негізгі нысаны жерді бірлесе өңдеу мен шабу (ЖБӨС) жөніндегі серіктестік болып табылады» деп атап көрсетті. Осымен бірге 1934 жылы желтоқсан айында БКП(б) ҚӨПК бюросы ұжымшарларды ұсақтау туралы нұсқау берді. Негізінде, 23 шақырым радиус көлемінде орналасқан 60-тан аспайтын көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындары бар мал шаруашылығы аудандарындағы мал серіктестіктері мен артельдердің мөлшерін белгілеу ұсынылды. Республикадағы мал басын қайта қалпына келтіру жөніндегі ең маңызды іс-шара мал шаруашылығы аудандарындағы колхозшыларға өзінің жеке шаруашылықтарында 150 дейін қой, ешкі, 10 дейін ірі қара, 10 жылқы және 5 түйеге дейін ұстауға рұқсат етілу болып табылады. Осы ауданның жекешелерінде 100 бас қой мен ешкі, 5 басқа дейін ірі қара, 5 жылқы және 3 түйеге дейін жеке пайдалануына рұқсат етілді. Колхозшылар мен жекешелерге малды жеке иелену мөлшерін едәуір кеңейту, жаңа жеңілдіктерді белгілеу, барлық секторларда мал шаруашылығын дамытуды ынталандыру, ауылшаруашылық техникасымен жабдықтау жөніндегі іс-шаралар, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы жем-шөп базасын жасау және нығайту 1935 жылы-ақ мал басының өсуіне мүмкіндік туғызды. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы ірі қара мал басы 1932 жылы 291,4 мыңнан 1935 жылы 916,1 мың басқа дейін, қой мен ешкі - 175,8 мыңнан 1 057,5 мың басқа дейін өсті. Көрсетілген кезеңде жалпы республика бойынша ірі қара - 965,3 мыңнан 1 424,5 мыңға дейін, қой мен ешкі - 1 386,2 мыңнан 2 323 мыңға дейін жеткенін көреміз. Мал шаруашылығы аудандарындағы малы жоқ шаруашылықтардың саны 7 пайызға дейін қысқарды. Бұл жаңа басшылықтың 1933 және 1934 жылдар ішінде әрбір шаруа отбасын малмен қамтамасыз ету жоспарының орындалмағанын көрсетеді. Көшпелілерді отырықшылыққа көшіру проблемаларын да шешу міндеті тұрды. Өлкелік партияның комитетінің VI Пленумында сөйлеген сөзінде Л.И.Мирзоян отырықшыландыру орындарын таңдау, поселкалардың түрі жөніндегі мәселелердегі қателіктер мен асыра сілтеулердің салдарынан аз ғана болмаса, отырықшыландырудың қандай да бір қанағаттанарлықпен аяқталуы болмады деп баға берді.

Жамиға ТАНАТАРОВА,
тарих ғылымдарының докторы, профессор



Жаңа кітап

5

Қараша-Желтоқсан, 2023 жыл



МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДА МАХАМБЕТ: КӨЛЕМ ЖӘНЕ МАЗМҰН

Жақында аймақта Махамбет мұрасына арналып өткізілген іс-шаралар аясында Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты Бибігүл Сейітханқызы Қайыржанованың «Махамбет шығармалары арқылы жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеу мен оқытудың өнегесі» атты монографиялық еңбегі жарық көріп, оқырманға жол тартты. Х.Б.Табилдиев атындағы «Каспий өңірінің тарихы, археологиясы және этнологиясы» Ғылыми зерттеу институтының Ғылыми кеңес шешімімен ұсынылған ғылыми монография ақын-жырау Махамбет Өтемісұлының ерлік, батырлық, жауынгерлік жырларын тереңдете оқытудың теориялық, әдістемелік жолдары көрсетілген және оның поэзиясының жас ұрпақты елді сүйге, туған жерге деген, оны қорғауға деген рухтағы шығармалары арқылы отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеу тәсілдеріне арналған. Берері мол құнды дүниенің «Махамбет Өтемісұлы шығармаларынан оқушыларға білім беру мен отансүйгіштікке тәрбиелеудегі педагогикалық мүмкіндіктері» тарауынан үзінді ұсынып отырмыз.

Бүгінде жалпы білім беретін орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде оқытылатын қазақ әдебиеті мен сыныптан тыс оқуда қолданылатын көркем әдебиеттердегі М.Өтемісұлы шығармаларының оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беру мүмкіндіктерін тиянақты зерттеу мен зерделеуді қажет етеді. Қазіргі кездегі жаңа буын оқулықтарының мазмұнына өзгерістер мен толықтырулар енгізу оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беру деңгейіне мейлінше әсер етері сөзсіз. Әдетте оқулықтар мазмұнындағы тақырыптар, олардың сапалық деңгейі, рәсімделуі, т.б. мәселелерді өз деңгейіндегі проблемалар деп айтуға болады.

Аталған проблемаларға байланысты орта мектептің 5-ші сыныбынан 11-ші сынып аралығында қолданыстағы қазақ әдебиеті оқулықтарына талдау жасайтын болсақ, төмендегіше реттермен беруге болады.

5-ші сыныптың «Әдебиет» оқулығының мазмұнында 5-131-ші бетке дейін қазақ ауыз әдебиеті, 133-265-ші беттерде XIX-XX ғасырлар әдебиеті, 267-300-ші беттерде әлем әдебиеті туралы тақырыптар берілген. Мұнда біздің зерттеу нысанамызға сәйкес М.Өтемісұлының шығармаларынан 133-135-ші беттерде «Соғыс», «Қызғыш құс» өлеңдерінен үзінді берілген. Өлеңдер оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесін қалыптастыруда жеткіліксіздігін көрсетеді. Өлеңдердің соңында оқушыларға арналған пысықтау

сұрақтары өте жақсы қойылған. Мысалы: «Өлеңнен Исатайдың сырт тұлғасын, астына мінген атын, жаумен айқасқандағы ерлік бейнесін суреттеген жолдарды тауып оқыңдар», - делінген. Сондай-ақ, оқулық мазмұнында «ерлік», «батырлық», т.б. туралы анықтамаларды кездестіре алмадық. Оқулықтың рәсімделуі мен тақырыптар мазмұны талапқа сай деуге болмайды.

Ұсыныс: Тақырып, тарау соңында сыныптан тыс қосымша оқыту үшін «Отан», «Атамеке», «Ерлік», т.б. тақырыптарда тапсырмалар берілсе жөн болар еді.

5-ші сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулық-хрестоматиясының 90-92-беттері М.Өтемісұлы шығармаларына арналған. Мұнда ақын туралы қысқа мағлұмат берілген. Шығармаларынан «Соғыс», «Махамбеттің Жәңгірге айтқаны», «Күн қайда», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» өлеңдері қысқартылып берілген. Бұл оқушылардың ой-өрісіне сай құрылмаған. Себебі ақын шығармаларының дені отансүйгіштік мәні зор өлеңдер мен жырлардан тұрады. КСРО жүйесінен күні бүгінге дейінгі ұрпақ оқушылары «Махамбеттің Жәңгірге айтқаны» атты өлеңін жаттап өсті деуге болады. Сондықтан өлең нұсқасының орнына «Ереуіл атқа ер салмай», т.б. көтеріңкі күйді бейнелейтін, ерліктің насихаттайтын өлеңдермен ауыстырылғанын жөн деп айтуға болады. Оқулық мазмұнында «батыр», «ер», «Отан» туралы ұғымдарға анықтамалар мүлдем берілмеді. Оқулықтың рәсімделуінде сыртқы мұқабасы өте жақсы суреттермен безендірілген. Ал ішкі бөліктері де түрлі-түсті суреттермен берілсе, тәуір болар еді.

Аталған оқулық мазмұнында XIX ғасыр әдебиеті 71-80-ші беттерде берілген (бұл бөлім Дулат Бабатайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Абай Құнанбайұлы шығармаларына арналады). Ал XIX ғасырда өмір сүрген М.Өтемісұлының шығармаларын кездестіре алмадық. Себебі, сол кезеңдегі ерлік пен рухты жоғары бағалаған Махамбет батырдың патриоттық өлеңдерін жас ұрпақтың отансүйгіштік тәрбиесіне берері мол екенін айта кеткеніміз жөн.

Ұсыныс: Оқулық мазмұнында М.Өтемісұлы шығармаларына орын берілсе екен.

7-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығында М.Өтемісұлының патриоттық шығармаларынан «Тарланым» өлеңі берілген. Бұл өте аз. Себебі, осы жастағы балалардың ерлікке деген көзқарасы жоғары болады. Сондықтан әлі де болса Махамбеттің өлеңдерін көптеп беру керек. Тақырып соңында «Өз қалауларыңмен орындау үшін» берілген тапсырмаларда: «Өлеңдегі жоқтау белгілерін табыңдар», - делінген. Бұл орынсыз берілген тапсырма деп түсінеміз. Біздің пікірімізше, Махамбет батырдың трагедиялық өлеңдерін бер-

геннен, оларды ерлікке шақыратын өлеңдерімен алмастырған жөн.

8-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулық хрестоматиясының «XIX ғасыр әдебиеті» тарауынан М.Өтемісұлы шығармаларын кездестіре алмадық. Бұл ретте XIX ғасыр әдебиетіндегі отансүйгіштік мәні зор М.Өтемісұлының жалынды өлеңдерінің оқушыларды ерлікке, қаһармандыққа баулуға қажеттілігі бар екенін айтқанымыз жөн деп білеміз.

9-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының мазмұнында халық ауыз әдебиетінен бастап бүгінгі әдебиетке дейін ұштастыра қарастырылған. Оқулықта Махамбет Өтемісұлы туралы аз мағлұмат берілген. Сонымен қатар ақын өлеңдеріндегі отансүйгіштік, ерлік, батырлық туралы ұғымдар айтылмайды. Біздің ойымызша, «Махамбеттің отансүйгіштік шығармалары» деп арнайы берілгені жөн болар еді. Тақырып соңындағы оқушыларға арналған тапсырмалар мен сұрақтарда отансүйгіштік мәселелер мүлдем кездеспейді. Сонымен қатар, 161-бетте ешбір маңағынасы жоқ сурет берілген, ол нені білдіретіні туралы нұсқаулар берілмеген. Оқулықтың рәсімделуі талапқа сай келмейді.

10-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулық хрестоматиясының мазмұнында XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі кезең қамтылады. Дегенмен бұл кезең М.Өтемісұлының өмір сүрген уақытына сай келмегенімен де, алғашқы бетін М.Өтемісұлының шығармаларынан бастаған жөн болар еді. Біздің ойымызша, әдебиет кезеңдерін тарихтағы отарлау саясатымен шендестіргеніміз уақыт ағымына сәйкес келмейтін тұстары байқалады. Кітаптың рәсімделуі бүгінгі XXI ғасырдағы мектеп оқушыларының талаптарына жауап бере алмайды, сондықтан оқулық болашақта Тәуелсіз Қазақстан азаматтарын тәрбиелеудің отансүйгіштік тақырыптармен толықтырылғаны жөн.

11-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулық хрестоматиясының мазмұнында XX ғасырдың ақын-жазушыларының шығармалары қамтылатындықтан, біздің ойымызша, М.Өтемісұлының өмірін зерттеген әдебиет зерттеушілерінің шығармалары сыныптан тыс оқуларға берілгені жөн. Себебі, М.Өтемісұлы туралы жазушы Б.Аманшиннің «Махамбет тағдыры» романынан үзінді берілсе, оқушылардың отансүйгіштік санасының жетілуіне септігін тигізеді. Оқулықтың рәсімделуі талапқа сай, дегенмен түрлі-түсті суреттер берілгені жөн болар еді. Жалпы білім беретін орта мектептің қазақ әдебиеті пәнінен М.Өтемісұлының шығармаларын сыныптан тыс оқуларында ұйымдастырудың педагогикалық мүмкіндіктерін оқытудың маңызы зор.

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ ХАҚЫНДА

Тарихи тұлға, ақын, жыршы Мұрат Мөңкеұлы туралы ғалым Шахман Нағымұлы ағайымыздың «Мұрат ақын мұрасы» кітабы жарыққа шығып, оқырманын қуантып отыр. Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығын бірнеше жылдан бері бүге-шігесіне дейін зерттеп, айналдырып келе жатқан Шахман Нағымұлының бұл жолғы еңбегіндегі басты артықшылық, автордың Мұрат ақын туралы зерттеулерді, деректерді, оның толғауларын, айтыстарын, сонымен қатар, шығармалардағы тарихи тұлғаларды, жер-су атауларын, бұрын жарық көрмеген туындыларын бөлектеп көрсетуі дер едім. Мұндай жүйелілік, әсіресе, ақынның өмір жолы, тарих жайындағы мәліметі аз жандар, соның ішінде, жастар үшін тайға таңба басып, қолмен ұстатқандай көмек екені сөзсіз.

Мұрат Мөңкеұлы жайлы айтқанда, оның ақын, жырау, айтыскер сынды сан қыры барын және артына қалдырған мұрасының да жіктеп, бөліп қарастыруды қажет ететінін ескеру керек. Сол себепті, оның алдымен пессимистік, антиутопиялық бағыттағы жырларына тоқтала кеткім келді. Әдебиетке «зар заман ақындары» терминін енгізген Мұхтар Әуезов екені белгілі. Ол 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ақындардың барлық күйі, сарының бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деген ат қойдық» деп бұл дәуірді Абылай тұсынан басталып, Абаймен аяқталатын жүз жылдық кезеңге әкеп тіреді. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінің жазбаша сипат алуы да осы кезеңнен бастап есептеледі.

Мұрат ақын жайлы қалам тартқандардың бірі жазушы С.Мұқановтың «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты еңбегінде «Шортанбай мен Мұраттың екеуі де «Зар заманның» ақыны бола тұра арасында айырма бар... Мұрат Шортанбайдай «сөзім бітті, мен болдым, енді шықпас үнім» деп қайғының тұнығына батып кетпейді, Мұрат қайғы теңізіне құлаш сермеп батып кетпеуге малтып шығуға тырысады» деп жазады.

Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығы жөнінде сөз қозғағанда, атап айтпасақ болмайтын тағы бір дүние – оның мұрасының сол кезеңнің бет-бейнесі ғана емес, анықтамалығы іспетті екендігі. Мәселен, ол «Дұға де Мәкен, Сыйғыт, Шеруенге, Тойсойған, адыра қалғыр, ит Қарабау, Ат мініп, киім киген жерім еді. Есіме Беріш жігіті түсіп кетсе, Көзіме қай-қайдағым көрінеді...» деу арқылы елде қалған ауылдастарына сағынышын жеткізеді. Бұдан бөлек, ақын мұрасы тек тарих, әдебиет қана емес, геогра-



фия, соның ішінде, топонимика, онамастика саласы үшін де тұнып тұрған қазына деуге болады. Оның жырларындағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар, жер, су, қоныс, жайылым, өріс, құдық аттары әлі де терең зерттей түсуді қажет етеді. Осы ретте жазушы Хамит Ерғалиев: «Мұрат Ноғайлы әдебиетін, Алтын Орданың тарихын өте жетік білген. Ол керемет топограф, географ, геолог іспетті болған. Маңғыстаудан мұнай шығатынын да айтқан. Мен офицермін ғой, сондықтан Мұраттың жер жағдайын өте жақсы білгендігін байқадым», - деп баға берген. Белгілі болғандай, Мұрат шығармаларында 150-ге жуық жер, су, қала аттары, 300-дің үстінде адам есімдері кездеседі екен. Меніңше, оның шығармаларында кездесетін Боқсақты, Теңгелік, Өгізтау, Бесешкі, Бадашы, Қараша, басқа да жер-су атауларының мағынасы жағынан да түсіндіріп, осындай бір еңбекке қосу қажет секілді. Мысалы, жергілікті өлкетанушы-тарихшы Мақсот Жолжанов Боқсақты (кейде Боқсық деп те атайды) түркі-моңғолдарға ортақ сөз, яғни «шөп-шалам, лас» деген мағына береді дегенді айтады.

Тағы бір ұсыныс, ақынның өмір жолын, шығармашылығын дәріптеуге байланысты. Мұрат Мөңкеұлы жөнінде жазылған мақалалар, шыққан

кітаптар, түсірілген деректі фильмдердің қазірде қарасы қалың екені қуантады. Дегенмен, бір кездегі Лениннің «Өнердің ең үлкені кино» деген сөзі әлі де өміршең күйінде қалып келіп келеді. Сол себепті, кейінгі жас буынға қазақтың тарихында болған белгілі тұлғаларды көрсетудің, жеткізудің тиімді жолы – көркем фильм деп білеміз. Әрине, киноға сұранып тұрған тек Мұрат Мөңкеұлы ғана емес. Қазіргі күні Исатай мен Махамбеттің өзі, алаш қайраткері Халел Досмұхамедовтың өзі картина түрінде экранға шықпаған. Осы орайда, Мұрат ақын жайлы жайлы жеке фильм түсірмесе де оны Махамбеттің мұрасын жеткізуші, отаршылдыққа қарсы күресуші ретінде эпизодтарға қосса – оның өзі үлкен олжа болар еді. Көркем фильм түсірудің мықта сценарийді, мол қаржылық ресурсты қажет етін үлкен жұмыс екенін ескерсек, мұндай жоба бірнеше айда, тіпті бір жылда жүзеге асады деп айту қиын. Дегенмен, бір күндері ондай туындылар да халық жүрегіне жол табады деген сенімдемін.

Құралай ҚУАТОВА,
көптілді білім беру факультеті,
филология мамандығының
1 курс магистранты



АТЫРАУ ҒАЛЫМДАРЫ - ИОРДАНИЯДА

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 2021 жылдан бері Канададағы Simon Fraser University «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру тәжірибесін бағдарлайтын салыстырмалы халықаралық зерттеу» жобасының серіктесі болып табылады. Жоба аясында тәжірибе алмасу мақсатында ғылыми жобаның жетекшісі, Канада университетінің профессоры Robert Williamson және халықаралық сарапшы Фрэд Бимақ, George Mason University университетінің профессоры, сондай-ақ, Атырау университетінің зерттеу тобының мүшелері – оқу орнының жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Ләйла Қойшығұлова, ғалымдар Ақмарал Мұханбетжанова, Гүлшат Шұғаева, Айгүл Сұлтангубиева, Жаңылсын Сабирова және «аударма ісі» мамандығының 4 курс студенті Сұлтанбек Малессов Иорданияға сапарлап келді.

Сапар барысында делегация Иорданияның Ирбид қаласында орналасқан Ярмук университетінде өткен дөңгелек үстелге қатысып, жоба бойынша атқарылған жұмыстардың есебін тыңдап, алдағы жұмыс жоспарларын талқылап, пысықтады. Айта кетейік, QS халықаралық рейтингі бойынша әлемдегі үздік университеттің алғашқы мыңдығынан орын тепкен жоғары оқу орны жас университет болып саналады. Мұнда өнер мен гуманитарлық ғылымдар, инженерия мен технология мамандықтарына даярлау бойынша көрсеткіштер жоғары. Барлығы 35 мың студент оқиды, оның үш мыңы – шетелдік студенттер.

Бұдан бөлек, жоба қатысушылары Иорданияда жергілікті балалар мен сириялық босқындарға арналған 2 инклюзивті білім беру мектебінде болды. Бағдарлама бойынша мектепте мүмкіндігі шектеулі балалар да оқиды. Оқушыларға қосымша педагогикалық психологиялық қолдау көрсетіледі. Сириялық босқындардың келуімен Иордания мектептері мүмкіндігі шектеулі балаларды қоса алғанда, «тең мүмкіндіктер» бағдарламаларын енгізген. Бұл мектептерге көптеген халықаралық ұйымдар қаржылық көмек көрсетеді. Сонымен қатар, олардың шешілмей жатқан мәселелері де жетіп-артылады.

«Сирия босқындарына арналған Заатария лагері 2012 жылы ашылған. Содан бергі уақыт ішінде ол нағыз палаталық лагерге айналып үлгерген. Шекарадан ондаған шақырымдай жерде орналасқан бұл лагерде 83 мың адам пана тапқан. Ресми емес мәлімет бойынша, лагерь көлемі жағынан Иорданиядағы төртінші елді мекен саналады. Заатарияға сырт адамдардың кіруіне тиым салынған, ол үшін биліктің арнайы рұқсаты керек. Сол үшін иорданиялық әріптестерімізге бізге лагерьдің ішкі жағдайымен танысуға мүмкіндік жасағаны үшін алғыс білдіреміз, – дейді Ләйла Ерболатқызы.

Заатариды паналаған сириялық балалар үшін бастауыш және орта білім беретін 33 мектеп ашылған. Оларды оқытудың барлық шығынын, оқулық кітаптарын қоса алғанда, UNICEF ұйымы өз мойнына алған. «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру тәжірибесін бағдарлайтын салыстырмалы халықаралық зерттеу» жобасының қатысушылары ағылшын және араб тілі пәндеріне, ер балаларға арналған дене тәрбиесі пәніне қатысты. Ондағы мұғалімдердің барлығы – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу бойынша арнайы курстардан өткен Иордания азаматтары екен. Делегация бұл күнгі шараларды қорытындылау кезінде жобаны жүзеге асыру және босқын балаларды оқыту кезінде кездесетін қиындықтарды ортаға салды.

Бұдан бөлек, сапар барысында мәдени-көпшілік іс-шаралар да қарастырылды. Атап айтқанда, атыраулықтар Иорданияның танымал туристік нысаны, тастан қалап салынған Петра қаласында болып, біздің заманымызға дейінгі 9000 жылы салынған деп есептелетін және Набатаен патшалығының орталығы болған ежелгі қаланың сұлулығына тамсанып қайтты. Қала тастан салынған және оның атауы да грек тілінен тас немесе жарта деп аударылады екен. Бүгінде ол әлемнің жаңа жеті кереметінің бірі және ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра нысаны болып табылады. Әсерлі патша қабірлері, қызыл құмтастан жасалған фантастикалық монастырь, храмдардың қирандылары және қазына үйі деп аталатын монументалды қасбеті қаланың гүлденген кезінен хабар береді.





ЖАСТАР ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Биыл жыл басынан бері жергілікті полиция департаменті 1108 отбасындағы ұрып-соғу дерегін тіркеген. Тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан зардап шегетін әйелдер мен балалар санының артуымен байланысты мәселеге баса мән беріліп, 2023 жылы бұл үшін заңға жауапкершілікті қатаңдату бойынша түзетулер енгізілді. Сонымен қатар, қазіргі күні кез-келген зорлық-зомбылық дерегінің алдын алу мақсатында бірқатар шаралар қолға алынуда. Оның бірі, әсіресе, жасөспірімдер мен балаларға қатысты теріс әрекеттердің алдын алу мақсатында көзден таса, оңаша жерлерге (мәселен, гараждар маңына) орнатылатын SOS-тетіктер деуге болады. Жаңа заң талаптарын болашақ заңгер студенттерге түсіндірген Атырау облысы полиция департаментінің жергілікті полиция қызметінің аға инспекторы, полиция майоры Раиса Айтжанова көпшілікті проблемаға енжар қарамауға шақырып, зорлық-зомбылық оқиғасына куәгер болған жағдайда да тәртіп сақшыларына хабарлауға болатынын еске салды. Ол зорлық-зомбылықтың физикалық, психологиялық, сексуалды және экономикалық түрлері болатынын айта келіп, олардың отбасында орын алуына көбінесе ішімдік ішу, есірткі тұтыну және құмар ойындарға әуестену факторлары ықпал ететінін атап көрсетті.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде облыс бойынша Қазақстан әйелдер альянсының бастамасымен өткен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу: құндылықтар жүйесі мен мінез-құлқыңды трансформациялау» тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, онда Атырау облысы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық комиссиясының мүшесі Жаннат Асабаева, Саясаткер

әйелдер клубының төрайымы, Атырау Бизнес және құқық колледжінің директоры Нұрлы Айтиева, өңірлік денсаулық сақтау департаментінің бас суицидолог-клиникалық психологы, «Медициналық психология және әлеуметтік қорғау» ҚБ директоры Ақмарал Шарипова және басқалар өзекті тақырып төңірегінде өнегелі әңгіме қозғай отырып, ерекше белсенділікпен қатысқан жастардың сауалдарына жауап берді. Дөңгелек үстел барысында қаладағы «Алмагүл» ықшамауданында орналасқан тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жапа шеккен әйелдерге арналған дағдарыс орталығы жөнінде мағлұматтар беріліп, отбасындағы ынтымақты сақтау, өзінің құқықтарын біліп, жеке шекарасын айқындау бойынша мамандар тарапынан ақыл-кеңестер берілді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, жәбірленушілер өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгенде полицияға жүгінеді, ал полиция қызметкерлері келгенде агрессорларға арыз жазудан бас тартады. Көбінесе полиция кеткен соң отбасындағы жанжал әрі қарай ұшығып, кейде бұл ауыр зардаптарға әкеліп соғады. Осыған байланысты, енді тұрмыстық жанжал туралы хабарлама түскенде полицейлер сол жерде болған оқиғаға құқықтық баға береді. Хаттама жасау үшін куәгердердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен полицейлердің өздерінің бейнетіркегіш жазбалары жеткілікті болады. Мысалы, әйел отбасылық жанжал бойынша қоңырау шалса, полиция келгенде шиелініс шешіліп, ер адам өзінің заңсыз әрекетін тоқтата қояды. Өз кезегінде, әйел арыз жазудан бас тартады, бірақ өзіне қатысты құқықбұзушылық жасалғанын түсіндіріп айтады. Оның айғақтарына сүйене отырып, құқық бұзушыға қатысты әкімшілік



құқықбұзушылық істері бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қабылданатын болады. Сотта құқық бұзушының жәбірленушімен татуласу мүмкіндігі бар, бірақ соңғы өзгертулер бойынша тек бір рет қана татуласа алады. Яғни отбасылық жанжал жасаушы бірінші рет сотта жәбірленушімен татуласа, бұл әрекеттері келесі қайталанғанда оларды татуластыруға соттың заң бойынша құқығы жоқ. Отбасылық жанжал үшін агрессорға ескерту жасалады немесе 5 тәулікке қамауға алынады.

Денсаулыққа жеңіл зиян келтіргені үшін – 15 тәулік, ал қайталанса 25 тәулікке қамау жазасы бар. Агрессордың үстінен қайталама шағым түссе, оның әкімшілік тәуліктік жазасы көбейтіледі. Атап айтқанда, отбасы мүшесіне әлімжеттік қайта

жасалған жағдайда – 10 тәулік қамауға алу, ұрып-соғу фактісі үшін – 10 тәулік қамауға алу, қайталанса – 20 тәулікке қамау көзделген.

Айта кетейік, жастар жиында қозғалған тақырыпқа ерекше қызығушылық танытып, ынталы қатысты. Себебі, қазірдің өзінде үйлі-баранды немесе келешекте отбасылы болатын студенттер от басы, ошақ қасындағы сыйластықтың орнын әуелден түсініп, жағымсыз ахуалдың қалыптаспауын қазірден бастап ойластыруға мүдделі. Өз кезегінде олар «Әйелінен таяқ жеп, полицияға жүгінген ер адамдар кездесті ме?», «Қызы абьюзерге тап болған ата-ана қалай әрекет етуі керек?» деген сынды көкейкесті де өміршен сұрақтарын қойып, тақырыпқа байланысты пікір таластыруға белсене араласты.

ҚАРЖЫЛАЙ ТӘУЕЛСІЗ ЖАННЫҢ АБЬЮЗЕРГЕ КҮНІ ТҮСПЕЙДІ



Атырау университетінде «Қыз Жібек» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылыққа тап болсақ, не істейміз?» тақырыбында «Самға» психологиялық орталығының директоры, психолог Гульвира Нұрсұлтанқызымен кездесу өтті. Зорлық-зомбылық – тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті. Көбінесе, әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары болып табы-

лады. Сондықтан қоғам болып билік пен бірге зорлық-зомбылықтың алдын алуға ат салысуымыз қажет. Осы ретте қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет.

Кездесу барысында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау құрылымдарымен қызметін жақсарту және жетілдіру мақсатында ана мен баланы қорғауға, қоғамдағы отбасы рөлін күшейту мақсатында тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына тегін құқықтық, психологиялық,

тұрмыстық көмек көрсететін орталықтардың бар екенін айтылды. Сонымен қатар, дәстүрлі құндылықтарды орнықтыру, құқықтық тәрбие беру бағытында әңгіме өрбіді.

Жиын соңында студенттерге отбасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша кеңестер айтылды. Студенттер өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

Сөз ретінде айта кетейік, оқу орнында отбасында келеңсіздікке, балағаттау, күш қолдану басқа да жағдайларға тап болып, қиналған университет қызметкерлері мен студенттерге көмек беру үшін арнайы анонимді психолог қызметі қарастырылған.

– Мен 2022 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Содан бері шағымданған студенттер арасынан қол көтеру фактісін айтқаны болған жоқ, дегенмен, жолдасының немесе ата-енесінің тарапынан психологиялық қысым көрген жас студент келіншектер кездесті, – дейді психолог Бибінұр Исатайқызы.

Психологқа жеке басына қатысты жағдайлармен келетін студенттердің ішінде тұрмыстық буллинг жайын қозғайтын ерлер аз, көбінесе, онымен жастай тұрмыс құрған келіншектер бетпе-бет келеді. Маманның айтуынша, олардың көпшілігі университетке дейін колледждерге білім алып, сол жақта жүріп, күйеуге шығып, сәбилі болғандар. Тұрмысқа шыққан студент қыздарға байланысты тағы бір қиыншылық, қаржылық жағынан туындайды. Мәселен, студенттің оқу ақысын бұрын ата-анасы төлеп келген болса енді ол күйеуі мен қайын жұртының міндетіне көшеді, кейде өзі де аяғынан тік тұрмаған жас күйеу әйелінің оқу шығынын өтеп бере алмай жатады, екі ортада келіспеушіліктер туындайды. Осы орайда, психолог қыз-келіншектерге тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмаудың бір жолы, нәзік жандардың білім мен мамандық алуы және қаржылық тәуелсіздігінің болуы екенін айтып, осы критерийлерге барынша назар аударуға кеңес берді.



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 3 наурыз күні «Сенің сәтің» республикалық студенттер форумы басталды.

Әр аймақтан жиналған белсенді студенттердің басын бір арнаға тоғыстырған «Сенің сәтің» республикалық форумында Атыраудың таланттары күмбірлетіп күй ойнап, бишілер мен әншілер өз өнерлерін көрсетіп, арнайы дайындаған концерттік бағдарламасын көрсетті.

Айта кетейік, форум жұмысына сәйкес Айсұлу Ерниязова, Динара Болат, Марат Бексұлтанұлы тренинг өткізді.

«Сенің сәтің» республикалық студенттер форумы аясында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Атырау облысына жұмыс сапарымен келді.



Атырау университетінде көрнекті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, педагог, дәрігер, профессор Халел Досмұхамедовтың туғанына 140 жыл толуына орай «Халел Досмұхамедов мұрасы және қазіргі қазақ қоғамы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Сондай-ақ, Халел Досмұхамедов атында факультет ашылған С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық университетіне Халел Досмұхамедовтың портреті сыйға тартылды.



Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасындағы «Атугау SmartTeam Hackathon» республикалық байқауының жабылу салтанаты өтті.

Өресі биік, білімді де талантты жастардың ғылым мен білімнің биік шыңын бағындырудағы алғашқы қадамдарының бірі болған бұл байқаудың қатысушы студенттер мен оқушылар үшін маңызы зор. Жоба арқылы өңірімізде IT саласының дамуына мол мүмкіндік жасап, пайдалы продукцияларды ойлап шығарған қатысушылар жүлделі орындар мен ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



Қоғам қайраткері, ғалым Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтің мерейлі 70 жасқа толуына арналған «Білімді ұрпақ: ғылым мен білімнің тәжірибесі және келешегі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Салтанатты жиын барысында мерейгерге Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрі Ғани Бейсембаевтің, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Директорлар кеңесінің төрағасы Бейбіт Мамраевтың арнайы жолдаған құттықтау

хаттары табыс етілді.

Конференцияға республика және ТМД көлеміндегі танымал ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, облыстың басшылығы, облыстың зиялы қауым өкілдері мен ардагер-ұстаздар қатысты. Басқарма төрағасы – ректор Саламат Нұрмұханұлы:

“Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 12-ші ректоры болып сайланған Асхат Иманғалиев бірнеше жылдар университетке басшылық етті. Бұл университет тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығындағы қиындықтарды өткізіп, дамудың жаңа сатысына көшкен кезі болды. Университет жұмысын оңтайландыру бірнеше бағытпен жүзеге асырылды. Бірінші, нарықтық экономиканың және Атырау өңірінің еңбек нарығындағы сұраныстарға орай жаңа мамандықтар ашу, екінші – жергілікті университеттің ғылыми әлеуетін көтеру, үшінші – университеттің халықаралық байланысын дамыту арқылы танымалдылығын кеңейту, төртінші – материалдық базасын нығайту еді. Осы орайда Асхат Сәлімұлы облыстық әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қоса алды деп айта аламыз”, – деп мерейтой иесіне «Құрметті ректор» төсбелгісін табыстады.



Мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстандық заң саласының негізін қалаушылар Салық Зиманов пен Өтеген Сейітовтің өмір жолы мен еңбегіне арналған «Тәуелсіз Қазақстан: мемлекет және тұлға» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Жиынға Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, облыс прокуроры Бауыржан Жұмақанов, отандық және шетелдік ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, заңгер тұлғалардың ұрпақтары қатысты. Сонымен қатар салтанатты іс-шараға қатысушылар университет қабырғасында қоғам және мемлекет қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор ҚР Ұлттық ғылыми академиясының академигі, Қазақстанға еңбегі сіңген ғылым қайраткері, Атыраудың абыз перзенті Салық Зиманұлы Зимановтың атындағы аудиторияның ашылу салтанатына қатысты. Сондай-ақ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғылыми кеңесі құқық саласы бойынша білім алушыларға арналған С.Зиманов атындағы арнаулы стипендия құқықтану мамандығының 4 курс студенті Мөлдір Медетоваға табысталды. Ал Атырау облысы прокуратурасының ұйымдастыруымен ҚазССР-нің бас прокуроры, Республикаға еңбегі сіңген заңгер, прокуратураның құрметті қызметкері Өтеген Сейітовтің туғанына 100 жыл толуына орай Ө.Сейітов атындағы эссе жазу тақырыбындағы байқаудың жеңімпазы құқық қорғау қызметінің білім бағдарламасының 4 курс студенті Дәурен Бақыт, Атырау облыстық прокуратурасы тағайындаған оқуға 50 пайыз жеңілдікті иеленді.



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде ақын-жырау Мұрат Мөңкеұлының туғанына 180 жыл толуына орай ғылыми семинар өтті. Сондай-ақ, жиында педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры Шахман Нағымұлының жақында жарық көрген «Мұрат ақын мұрасы» кітабы таныстырылды. Ғылыми семинарға ҚР Мәжілісінің депутаты Әділ Жұбанов онлайн қатысып, құттықтау сөз сөйледі.



17 қараша - Халықаралық студенттер күнінде ақын-композитор Махамбет Өтемісұлының шығармаларын жатқа оқудан «Айналайын, Ақ Жайық» атты байқау өтті. Рухани іс-шараны Х.Досмұхамедов атындағы университетінің 1998 жылғы түлектері ұйымдастырды. Байқаудың мақсаты – отты жыр мен өткір қылышты қатар ұстаған дауылап ақын, жорық жыршысы, композитор Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармаларын студенттерге насихаттау, поэзияны мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазылар қатысушыларды өлең оқу мәнеріне, сахна мәдениетіне, дауыс көркемдігіне, жатқа оқу шеберліктеріне қарай бағалады. Махамбет жырларын оқу сайысына қатысуға Х.Досмұхамедов университетінің 100 шақты студенті ниет білдіріп, 9 адам марапатталды.



«ЖАҢА УАҚЫТ – ЖАҢА БАСТАУЛАР»

Жақында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті дарынды балаларға арналған «Ұстаз» мектеп-интернаты «Жаңа уақыт – жаңа бастаулар» атты салтанатты ант қабылдау салтанатты рәсімін өткізді.

Жиында дәстүрлі «Білім кілті» мектептің «Үздік аттестатқа» үміткері, облыстық «Жарқын болашақ» олимпиадасының III орын алып, X республикалық «Ақберен» өнер байқауының грамотасымен марапатталған, республикалық Мәшһүр Жүсіп оқуларының Бас жүлде иегері, «Ұстаз» мақтанышы Исаш Бексұлтанға жолданды.

«ҰСТАЗДЫҢ» АЛАР АСУЫ АЛДА

«Ұстаз» мектеп-интернатын 2021-2022 оқу жылында 38 оқушы мектепті бітірді, оның ішінде 8 оқушы алтын белгі иегері, 2 оқушы үздік аттестат иегері. Бітіруші 38 түлектің 24-і мемлекеттік грантты иеленді, бұл 63%-ды құрайды, педагогикалық мамандыққа түскендер 30 түлек, оның ішінде грантқа түскен 20 түлек. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетін таңдаған түлектер саны -16, оның ішінде 6 оқушы грант иегері, 10 түлек ақылы.

2022-2023 оқу жылы 35 түлек мектеп бітірді. Осы оқу жылында 2 оқушы республикалық олимпиадада бас жүлде («Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауынан Исаш Бексұлтан) мен 3-орынды (тарихтан олимпиадада Мажит Рашид) иеленіп, облыстың намысын қорғады. Сонымен қатар, «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде 4 оқушы 1 және 3-орындарды және облыстық жарыстарда 12 оқушы 1, 2, 3 орындарды иеленіп, 11 оқушыға алғыс хаттар тапсырылды.

2023 жылы мектепті бітірген 35 оқушының 30-ы (85,7%) білім гранты иегері атанып отыр. Оның 21-і (17-сі грант, 4-ақылы) педагог мамандыққа түсті. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне грантқа тарих мамандығы бойынша оқуға түскен Әлішер Егізбай тарихшылардың туын ұстап көтеру және барша студенттердің атынан Университеттің мінбесінен сөз сөйлеу мәртебесіне ие болды.

Жыл сайын мектеп түлектерінің республикамыздағы ең беделді педагогикалық 7 жоғары оқу орындарына түсті:

- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;
 - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті;
 - Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (ҚазҰУ);
 - Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университеті;
 - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;
 - С. Демирел атындағы университеті;
 - Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;
 - Астана халықаралық университеті;
 - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті.
- Жыл сайын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау

университетіне педагог мамандықтарына ақылы түрде түскен түлектерге басқарма шешімен оқу ақысына 50% жеңілдіктер беріліп отыр. 2023-2024 оқу жылына ақылыға түскен 3 түлекке 50% жеңілдік берілді.

2023-2024 оқу жылындағы контингент 86. Құрметті әріптестер, келе жатырған 2024 жаңа жыл баршамамызға құтты болғай.

Жылдың жақсылығы көп болсын!

Жыл берекелі, несібелі болсын!

Еңбектеріңізге жеміс, бастарыңызға бақ-дәулет, денсаулық, абырой тілеймін!

Ертеңгі күнгі шығар асуларыңыз ауқымды болсын!!!

Жанна Тілеуқызы ҚОЙШЫҒҰЛОВА,
мектеп директорының міндетін атқарушы

АДАМ – ТӘРБИЕНІҢ ЖЕМІСІ

«Ұстаз» мектеп интернаты ашылғаннан бергі уақыт ішінде екі түлектер легін ұшырып, үшіншісін қанат қақтырмақ. Атырау университетінің жанындағы дарынды ұл балаларға арналған мектеп интернаты - университет ректорының бастамашыл батыл қадамының жемісі деуге болады. Мектептің ерекшелігі сол, мұнда ұстаздық жолды қалаған бірыңғай ер балалар білім алады. Әрине, «оқу инемен құдық қазғандай» деп халық даналығы айтқандай, білім – әсте оңай келетін олжа емес. Тек қана мамандыққа баулу ол бір бөлек, оқушыны жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ұстаздар мен тәрбиешілердің сіңірген еңбегі орасан зор. Республикада баламасы жоқ бұл мектеп өз тұжырымдамасын университет арқылы қалады деуге болады. Себебі, басқа мектептерден айырмашылығы – білім ордасы университеттің бір бөлігі болып табылады.

Үш жылғы жұмыстың жемісі – «Ұстаз» мектебі облыстағы дарынды балаларға арналған 8 мектептің ішінде үшінші орынды иеленді. Бұл үлкен жетістік!

Қайрат Тынымжанұлы СИСЕНОВ,
мектеп директорының бейіндік орынбасары

ШӘКІРТ ЖЕТІСТІГІ – БІЗГЕ ДЕ ОРТАҚ

Мен 2018 жылы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне оқуға түсіп, жоғары оқу орнын 2022 жылы «шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша үздік тәмамдадым. Еңбек жолымды 2022 жылы «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ дарынды балаларға арналған

«Ұстаз» мектеп-интернатында ағылшын тілі пәні мұғалімі ретінде бастадым. Өз білгенімді өзгемен бөлісу, білімді басқаға бере алу қандай бақыт екенін тек ұстаздар ғана сезіне алатын шығар. Бұл мектептің ерекшелігі – болашақта ұстаздық жолды таңдаған дарынды ер балаларға арналған. Маған осындай дарынды балалармен жұмыс жасаған ұнайды, сүйікті 11 сыныбымның сынып жетекшісімін. Еңбек жолымды бастаған уақыттан бастап, жетістіктерге де жетіп үлгердім. Атап айтқанда, 2023 жылдың 7 сәуірінде Астана қаласында өткен «ҚР Оқу-ағарту саласының үздік жас маманы» байқауында I дәрежелі орынды иелендім. Сондай-ақ, биыл 2-16 тамыз аралығында Түркияның Кайсери қаласында жазғы түрік тілін оқу курсынан өтіп, сертификат иелендім. Ал 16 қазан күні «Менің шағын Отаным» республикалық интеллектуалды байқауының облыстық кезеңіне «Менің шағын Отанымның болашағы» номинациясы - нысан макетін жасау бойынша «Ұстаз» мектеп - интернатының 10 сынып оқушысы Бекижан Фархад қатысып, II дәрежелі орын алды және жетекшісі ретінде мен көрсетілдім. Ал 2023 жылдың 3 қарашасы күні «From Artificial Intelligence to Vocabulary. How the teacher's role is more important than ever» тақырыбындағы семинарға (Oxford Professional Development Seminar) қатысып, сертификат иелендім. Осылайша, бұл жыл мен үшін жақсы жетістіктерге толы жыл болды, алдағы уақытта да сәттілік жалғасын табады деп сенемін.

Іңкәр Айтбайқызы ӨТЕҒАЛИЕВА,
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

МЕНИҢ ЖЕТІСТІКтеріМ

Мен «Ұстаз» мектеп-интернатының 11 «а» сынып оқушысымын. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімін. Мен осы мектепті инстапарақшасынан, оған қоса, достарымнан естіп білдім. Мектепке түскеніме өкінбеймін, себебі, осы мектепке түскеннен бастап көптеген жетістіктерге жеттім. Мысалы, 10-сыныпта наурыз айында Мәшһүр оқулары байқауының облыстық кезеңінен 1-орын, ал республикалық кезеңінен Павлодар қаласында мамыр айында Бас жүлде иелендім. Осы жылы 11 сынып-бымда қыркүйек айында «Ақберен» шығармашылық байқауының облыстық кезеңінен 1-орын, ал Ақтау қаласында өткен республикалық кезеңінен грамота иелендім. Қол жеткізген жетістіктерім мені бұдан әрі жақсы оқып, үлгілі жағымнан көрінуіме жігерлендіріп, қанаттандырып келеді.

Бексұлтан ИСАШ, оқушы

«ҰСТАЗ» БІЗДІ ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ

Мен «Ұстаз» мектеп интернатының 11 сынып оқушысымын. Мектеп президенті болып қоғамдық қызмет атқарамын. Болашақ физика пәнінің мұғалімімін. Бұл мектеп жайлы мен алғаш рет достарымнан естіген болатынмын. Оның сапалы білім беретінін естіп-көріп жүргеннен кейін және көзімді жеткізгеннен кейін «Ұстазға» түсуге шешім қабылдадым.

Мектептің ерекшелігі – тек қана ер балалар оқиды. Мүмкін, содан да шығар, тәртіп қатаң сақталады. Біздің мақсатымыз – білікті ұстаз болып, шәкіртке тәлім беру және ұлтқа қызмет ету.

Тұлғалық қалыптасу үшін біз өнерге, ақындыққа, облыстық, республикалық сайыстарға, мәдени шараларға, университеттің шараларына қатысамыз. Біз студенттікке кандидатпыз. Атырау университеті бізге осындай үлкен мүмкіндік берді. Мектеп оқушысына қарағанда, студенттік өмірге, ата-анадан бөлек өмір сүруге ерте үйрендік. Әскерге, Жоғарғы оқу орнына барсақ та біз алғашқы баспалдақтардан өттік және бұл бізге қиындық тудырмайды. Ұстаздық мамандығын таңдағаным өкінбеймін. Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет.

Жігер ӨМІРЗАҚ, оқушы





16 – желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Студенттер шығармашылығы

АЛАШ АҢСАҒАН БОЛАШАҚ

Алаштың ардақтылары атанған қалам иелері қандай болашақты аңсады? Олардың арманын тек шығармаларынан табасың. Мысалы, «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қуатты, Мен жастарға сенемін!» – деген өлең жолдары арқылы Мағжан болашақ жастардың қолында екенін айтып кеткен. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында да оқыған жастар – елдің ертеңі, олардың өткені азап болса, ендігі көргені ғажап болмақ. Ол өнер–білім ғана қазақтың көсегесін көгертеді деген ой тастайды. Алаш ардақтысы Ахметтің «Жұртыма» өлеңінде «Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса, Шығасың, қолыңа ала керісінді, Бытырап бет-бетің жөнелгенде, Көрдік қой, жайылатын өрісінді», – деп қазағының жөнсіз мінезін сынап тастайды. Ал Алашорда көсемі Әлихан «Қазақ петициясы» еңбегін Павлодар түрмесінде отырып жазған. Өмір бойы айдауда жүрсе де Алаш қамын есінен тастамаған.

Міржақыптың «Оян, қазақ» өлеңі ұран іспетті болды. «Көзіңді аш, оян қазақ, көтер, басты. Өткізбей қараңғыда, бекер жасты, Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп, Қарағым, енді жату, жарамас-ты», – деп жан ұшырады. Болашақты құтқарайық», – деп ұрандады.

Алаш ардақтыларының көздегені – халықтың білім деңгейін көтеру еді. Алаш ардақтылары аңсаған болашаққа жеткен біз – бақытты ұрпақпыз.

Зарина ӘЛИМҚЫЗЫ,
гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті
журналистика мамандығының 2 курс студенті



ЖҰБЫМЫЗ ЖАЗЫЛМАЙ ОҚЫП ЖАТЫРМЫЗ

Біз Карина және Зарина – егіздерміз. Бірақ, екеуіміздің ұқсастығымыздан гөрі айырмашылығымыз басым. Ол сырт келбетімізден, қызығушылығымыздан, мінез-құлқымыздан көрінеді. Мәселен, Карина көпшілік ортада болғанды ұнатады, Зарина жаңа адамдармен танысуға онша құлықты емес. Карина спортпен айналысуды, сурет салуды, волейболды жақсы көрсе, Зарина оңаша отырып видеолар жасағанды, қолөнермен айналысқанды, бәліш пісіргенді ұнатады. Жалпы, татумыз, дегенмен, бұл мүлдем ұрыспаймыз деген сөз емес.

Биыл екеуіміз де Атырау университеті жаратылыстану факультетіне ғылыми биология мамандығы бойынша оқуға түстік. Тағы да жұбымыз ажырамай, бірге оқимыз. Студенттік өмір, жаңа орта, тың білім алу – мұның бәрі бізге қызық және ұнап жатыр. Бір жақсысы, біз екеуіміз қазір аса қатты ұқсамаймыз, сондықтан, курстастарымыз бен оқытушыларымызды шатастырып, қиындық келтірмедік деп ойлаймыз.

Карина және Зарина КЕРІМ,
1 курс студенттері

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ СҮЙЕНЕТІН ТАМЫРЫ

Рухы асқақ, мәртебесі биік, тәуелсіз мемлекетіміздің асыл құндылығы – қазақ тіліміз. Қазақ болып ұлтымыз қалыптасқаннан бері ата-бабамыздан сақталып келген, анадан балаға дарыған, ана тіліміздің қадір-қасиеті ешқашан өшпейді. Әрбір ұлттың ең бірінші тірегі – ана тілі. Сондықтан да әр халық өз тілін құрметтеуі парыз саналады. Қазақ халқымыз «Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі» деп бекер айтпаған.

Х.Досұхамедұлы атамыз «Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беру зор қате» деген. Осы пікірінен-ақ тіліміздің болашағы бізге байланысты екендігін түсінеміз. Елімізде ең елеулі тақырыпқа айналған – тіл мәселесі. Өйткені, жарқын болашақтың кепілі – білім. Ал ана тілі – білімнің кілті. Сан ғасырлардан бері ата-бабамыз осы тілімізді, бар мәдениетімізбен құндылықтарымызды сақтап бізге жеткізді.

Соның арқасында біз егеменді ел болып, өз мәдениетімізбен мақтана алатындай дәрежеде еркін өмір сүріп жатырмыз. Бұл – біздің тәуелсіздігіміздің жемісі.

Қазіргі күнде дәл осы тіліміздің қадір-қасиетін бірі ұғынса, бірі білмес. Өйткені, заманға сай жастар өзгеріске бейім. Күні бүгінге дейін тіл мәселесі айтылып, көтеріліп келеді. Қазіргі кезде жастар шет тілдерге қызығып, ана тілінде сөйлеуді ұмытып бара жатыр. Тіпті өз елінде тұрса да басқа тілде еркін сөйлеп, ана тілінде шорқақ сөйлейді. Батыр, халық қаһарманы Б.Момышұлы атамыздың ең үлкен қорқыныштарының бірі-екі қазақтың бір-бірімен орысша сөйлесуі депті. Қазақ болып туған әр адам – ана тілін білуі, құрметтеуі парыз деп білемін. Біздің алтын тарихымыз тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетуде. Сол үшін де тілді құрметтеу өзімізден басталады.

Нұрсәуле Рахымғали,
гуманитарлық ғылымдар
және өнер факультеті
журналистика мамандығының
2 курс студенті



ЖАҢА ҰРПАҚ ТОЛҒАУЫ

Даналықтың дарасы – Мағжан ақын,
Жол таба білген өлеңмен елге жақын.
«Халық жауы» деген дақты жақты ма,
Ойы таяз, түсінбестер сөздің парқын.

Жарық жұлдызсың сен шоғы биік,
Өлеңдеріңді оқимыз ойға түйіп,
Халқың үшін бөлексің, біртуарсың,
Келеміз біз сіз салған ізбен жүріп.
Қазағымның басына біткен бақыты,
Көпшіліктен көзге ілінген жақұты.

Таудай талантты, «Алаштың» ұлы тұлғасы,
Ойылды орны аз бола тұра уақыты.

Арқаладың алаштың аманатын,
Келешекке көрсетпей жаманатын.
Езгі болған халыққа қолдау беріп,
Сен болдың үміт отын жаға алатын.
Қазақ үшін тырмысып, бірде таласып,
Ауыр кезеңде халқына бірге қарасып.
Өлмейді сөзің, өшпейді мұраң мәңгілік,
Орнын тапты тарих төрінен жарасып.

Сіздің мұраңыз біздерге асыл қазына,
Әрбір сөзіңде жатыр-ау үлкен мағына.
Теңеу аз болар өзіңді жыр қып теңейтін,
Еске алады сізді жас ұрпағыңыз сағына.

Сәбира Төлеген,
физика, математика және ақпараттық технологиялар
факультетінің 3 курс студенті



ҚОЛТАҢБАСЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАС ЖУРНАЛИСТ

Атырау университеті журналистика мамандығының 1 курс студенті Әділет Қанатұлы «Түркітілдес журналистер қоры» Қоғамдық қоры ұйымдастыруымен және «Халық банк» АҚ демеушілігімен өткен журналистер арасындағы «Еркін сөз» шығармашылық байқауында Жолдасбек Дуанабай атындағы арнайы сыйлықты жеңіп алды. Дарынды студентімізді жеңісімен құттықтай отырып, оқырманның ықыласына бөленіп, оң бағаға ие болған мақалаларын жариялап отырмыз.

КҮЙ АТАСЫНА ҒАШЫҚ АҒЫЛШЫНДЫҚ

Төрт жылдан бері Атырауда тұрып келе жатқан англиялық азаматша Сабина Мастерс Құрманғазы күйлерін жатқа біледі. Аз уақыт ішінде ол домбырада ойнауды оңай үйреніп алған. Қазір басы аяғы елуден астам күйді үйреніп алған. Бұл да болса киелі күй елінің құдіреті шығар!

Сырт келбеті жас көрінетін әйелдің жасы 57-де болып шықты. Бір қызығы, ол тоқтаусыз тірлігі қызу қайнаған қалада велосипедпен қатынайды екен. Оның күйеуі осында шетелдік компанияда инженер болып жұмыс жасайды. Олар бөтен елге келген бойда қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрі мен тыйым-жоралғыларын, әдебиеті мен мәдениетін, тілі мен дінін үйрене бастағандарын айтады. Тіпті, жергілікті театр мен филармонияға барып концерт тамашалауды дәстүрге айналдырған.

Сондай ән әуелеп, күй күмбірлеген кештердің бірінде Дина Нүрпейісова атындағы Атырау халық аспаптар оркестрінің орындауындағы күйлер кейіпкеріміздің жан дүниесіне қатты әсер етіпті. Атыраулық өнерпаздардың талантына тәнті болған ол алдына үлкен мақсат қойғанын айтады, бұл – қалайда домбырада ойнауды үйрену. Бірақ, қазақ тілінде бірде-бір сөзді білмейтін шетелдікті домбыраға үйрететін тәлімгер табылмаған...

«Мені бәрінен бұрын Құрманғазының күйлері қайран қалдырады. Ұлы күйшінің өмірі де оңай өтпеген деседі. Ол бар ғұмырын әділетсіздікпен күресіп өткізген. Бойындағы бар арман-мақсаттарын күй арқылы жеткізген. Бұл дала билеушілеріне жақпаған. Ақыры бірнеше рет қудалауға ұшырап, темір торға да тоғытылған. Осының бәрі менің жүрегімді елжіретіп жіберді. Мен енді қазақ күйлері жөнінде ғылыми жұмыспен айналысым келеді. Қазақ тарихындағы Құрманғазының саяси ролі туралы диссертация қорғауды ойлап жүрмін. Англиядағы студенттер бұл туралы тереңірек білсе екен деймін. Сол үшін де қазақ тілін жан-жақты меңгеріп алғым келеді. Осы мақсатта Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының бірінен қазақ тілін меңгеріп шығуды жоспарлап отырмын. Сондай-ақ, Құрманғазы мұрасын толыққанды зерттеу мақсатында қазақ ауылдарын аралау да ойымда бар» дейді Сабина.

Ол домбыра сабағына күніне төрт сағат уақытын бөледі. Осы мақсатта бір емес, үш домбыра сатып алғанын айтады. Біреуі Атырауда, екіншісі – Англияда. Бізді таңқалдыратыны, оның аз уақытта күйшілердің бір емес, екі бірдей байқауына қатысып үлгергені! Ағылшындық азаматша күй атасы Құрманғазыдан бастап Дәулеткерей мен атыраулық дүлдүл Әзидолла Есқалиевтің күйлерін нақышына келтіре орындағанда, көрермендер орындарынан тұрып қол соққан. Осылайша, оған арнаулы жүлде де табыс етілді.

«Мені домбыра сыныбының мұғалімі Ерлан Сақтанов сынақ мерзімімен алға келісті. Басында өте қиын болды. Себебі, мен қазақша, ол ағылшынша білмеді. Алайда, екеуімізді музыканың ғажап құдіреті жіпсіз байлап, жүректі баурап алды. Мен оның табандылығы мен талапшылығына тәнті болдым» дейді ол.

Бұдан бөлек, ағылшындық азаматша қазақтың ұлттық тағамдарына да ғашық болып қалыпты. Әсіресе, бешбармақ пен құрттың дәмі аузынан әлі кетер емес... «Мен қазір үйде де бешбармақ дайындаймын. Англияда тұрып жатқан балаларым да оны қатты жақсы көреді. Сол сияқты, шұбат пен қазыны да сатып алып тұрамын» дейді кейіпкеріміз.

Айта кетейік, Сабина Германияда туған, Ұлыбритания азаматы. Мамандығы – дәрігер. Голландия мен Англия университеттерінде білім алған.

Әйтсе де, мамандығы бойынша еңбек ету бақыты бұйырмағанын айтады. Жұбайының жиі жұмыс ауыстыруына байланысты, үнемі көшіп-қонумен келеді. Осыған дейін олар Ресей, Бруней мен Сирияда тұрып келген. Солардың ішінен оларға Қазақстан мен Сирия елдері айрықша ұнаған екен. Айтпақшы, Сабина ежелгі грек аңыз-әңгімелері бойынша бірнеше рет диссертация қорғаған.

ЖАСТАР ӘСКЕРДЕН НЕГЕ ҚАШАДЫ?

«Қазақстандықтар өте жомарт және мәрт келеді. Қазақ халқының қонақжай қалпы қатты ұнайды. Қиындықта қол ұшын беруге дайын тұрады. Сондықтан да болар бұл жерде менің достарым өте көп. Олар өте белсенді және әрқайсысы әр салада қызмет етеді. Кейбірінің жеке кәсібі де бар. Мен күй байқауына қатысқан кезде олардың бәрі де келіп, қолдау көрсетті. Мен бұл үшін оларға өте ризамын. Барша қазақстандықтарды, соның ішінде мұнайлы мекен тұрғындарын Республика күнімен құттықтағым келеді. Тәуелсіздіктеріңіз тұғырлы, ұрпақтарыңыз ғұмырлы болғай!» дейді Сабина.

Бұрын ұл балалардан «өскенде кім боласың?» деп сұрағанда «ғарышкер боламын» десе, қазір «блогер боламын» дейді екен. Сол секілді, бұрын жастар әскери қызметке қызықса, бүгінгі жағдай мүлде басқаша. Қызығушылықты былай қойғанда, қазір Отан алдындағы борышын өтеуден жалтарып жүргендер көп. Бұған не себеп – әскердегі әлімжеттік пе, әлде үйдегі теріс тәрбие ме? Біз бұл мәселені ақ-қарасын ажырату үшін сала мамандарымен тілдескен едік...

Ауған соғысының ардагері, Атырау облыстық дін істері басқармасының басшысы Қайролла Көшқалиев Отанды қорғау отбасынан басталатынын айтады.

– Әрине, ел болған соң, оның құрлық пен сұдағы шекарасын күзетіп, халықтың тыныштығын қорғау қажет. Бұл – әр азаматтың асыл парызы. Оның үстіне, қазір әлемдегі геосаяси жағдай онша маз емес екенін күнделікті бұқаралық ақпарат көздерінен біліп отырмыз. Ол аздай қазір ХХІ ғасырдың обасына айналып кеткен экстремизм мен терроризм де жаһан жұртын одан бетер алаңдатып тұр. Сондықтан қазір әрбір әскери маман физикалық жағынан да, ақыл-ой тұрғысынан да озық болуы керек. Қарулы күштеріміз мықты болса ғана уақытша қиындықтарға төтеп беруге болады, – дейді ол.

Иә, спикер сөзінің жаны бар. Расымен де, «Отан отбасынан басталады» деп халқымыз бекер айтпаса керек. Әсіресе, болашақ Отан қорғаушыларды тәрбиелеуде отбасындағы әкенің ролі өте ерекше. Бұл айтпаса да түсінікті жайт. Өкінішке қарай, бүгінгі әкелер ұлдарын әскерге дайындауға асықпайды десе де болады. Тек «біз әскерде болғанбыз, ендеше, сен де барып кел» деуден әрі аспайды. Ал, баланың батыл да батыр азамат болып қалыптасуы үшін бұл жеткіліксіз. Сонда қайтпек керек?

– Қазіргі жағдайға сәл талдау жасайтын болсақ, әскерде болмаған азаматтардың балалары көп жағдайда әскерге барғысы келмейді екен. Ал, керісінше, әскери тәртіптің не екенін көзбен көріп, түйсігімен түйсінген әкенің тәрбиесін көрген баланың жан-дүниесі мүлде бөлек. Ол Отан алдындағы борышын өтеуге асығып-ақ тұрады. Шынымен де, кешкі сағат онда жатып, таңғы алтыда оянуудың өзі қатаң тәртіптің бір көрінісі емес пе? Сондықтан әскерге дайындық тек денсаулықтың жарамдылығымен немесе физикалық күш-қуатпен шектелмейді. Жастарға бала кезден рухани-патриоттық тәрбие беру керек. Бала ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, этиканы, мәдениетті теориялық тұрғыда емес, санасына



және бойына сіңіріп өсуі қажет. Қалай болғанда да, бала ата-анасынан естігенін емес, көргенін жасайды. Мәселен, кезінде әкесі әскерден қашқан баладан не талап етуге болады? Ендеше, ең алдымен отбасы тәрбиесіндегі осал тұстар мен олықылықтардың орнын толтырған жөн, – дейді Қ.Дүйсепұлы.

Бір сәт ойлануы көрсек, қазіргі ата-аналар балаларын өз еліміздің емес, өзге мемлекеттің шекарасын қорғауға жіберіп жатқандай көрінеді. Өке-шешенің жанарынан мұң, баланың бойынан үрей байқалады. Әсіресе, аналар жағы баласын қалайда әскерге жібермес үшін неше түрлі қулық-сұмдықтарға барып жатыр. Ал, шын мәнінде, ертең ел басына «ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешетін» күн туа қалса, сол аналарды қорғайтын осы балалар емес пе? Осы ретте, біз атадан балаға аманатталып келе жатқан кең-байтақ жерімізге қызыға да қызғанып қарап отырған сырт көздер көп екенін бір сәт естен шығармауымыз керек.

Бірақ, елімізде патриоттық рухты көтеру бағытында ешқандай жұмыс жасалып жатқан жоқ деуге тағы болмайды. Себебі, әскери бөлімдер мен жасақтарда күн сайын іргелі істер атқарылып, жарқын жобалар қолға алынуда. Солардың бірқатары Атырауда да сәтті жүзеге асып жатыр. Мысал келтірсек, биылғы оқу жылында алғаш рет «Сармат» әскери мамандандырылған лицей-мектебі өз жұмысын бастауда. Осыған орай біз аталған білім ұясында басшы қызметін уақытша атқарып жүрген Ерлан Тоқпаевты әңгімеге тартқан едік.

– Елімізде ең алғаш тегін негізде білім беретін әскери мектеп Атырауда ашылып отыр. Бұл да тектен-тек жасалып жатқан дүние емес. Мақсат – ертең ержеткенде елін қорғайтын ерлерді тәрбиелеп шығару. Жасыратын несі бар, мен секілді орта және жоғары

буын өкілдері әскери борышын кешегі кеңес үкіметі кезінде өтеді. Осы орайда, өткеннен де өнеге алар тұстар бар дер едім. Мәселен, бізді әскерге қазіргідей мектептен түлеп ұшарда немесе студенттік шақта емес, бала кезден дайындады. Ал, 9-сыныпты бітірген кезде арнайы тізімге алды. Содан 18 жасқа дейін денсаулығымызды тексеріп, егер ауру анықталса, тегін ем-дом жүргізді. Бүгінде дәл сондай жүйе жетіспей тұр. Қазір кішкентай тістің өзін емдету үшін қыруар қаражат керек қой. Мұны ата-аналардың бәрі бірдей қалтасы көтере бермейді. Сондықтан да болар, әскер жасындағы жеткіншектердің көбісінің денсаулығы жарамсыз, – дейді ол.

Айтпақшы, әскери сала қызметкерлеріне деген мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдік пен қамқорлық жылдан-жылға артып келеді. Айталық, Атырауда оларға жалақыдан бөлек үй жалдауға 45 мың теңгеден бастап жәрдемақы төленеді. Сондай-ақ, әр отбасы мүшесіне тегін медициналық көмек көрсетіледі. Сол сияқты, әскерилердің балалары кезексіз балабақшаға орналаса алады.

Ал, Атыраудағы әскери бөлімдердің ахуалы нешік? N5546 әскери бөлімінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі басшысының аға көмекшісі Ноғайбай Сапарғалиевтың айтуынша, сарбаздар саны құпия ақпарат болғандықтан нақты айтылмайды.

– Көбінесе сарбаздар көршілес Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Алматы мен Түркістан өңірлерінен келеді. Көктемгі және күзгі шақырылымда олардың қатары толығы түседі. Бірақ, жаңадан келгендер бұрынғы сарбаздарға бірден қосылмайды. Олар алдымен бір айлық бейімдеу кезеңінен өтеді. Яғни, қарапайым сап түзеу, ішкі тәртіп, қару-жарақ қолдану және басқа да машықтарға үйренеді, – дейді ол.

Иә, бүгінде рухани құндылықтардың орнын материалдық игіліктер басты. Бұрын ер азаматтар елін қорғауға дайын болу үшін әскерге баратын болса, қазіргілер тек баспаналы болып, несиені жабуы ғана ойлайды. Ата-ананың

дені жаңалықтарды ресми ақпарат көздерінен емес, әлеуметтік желіден оқып отыр. Ал, онда жалған ақпарат желдей есіп жүр. Журналистермен жағаласып жүрген блогерлер «жерден жеті қоян тапқан» жазбалары үшін заң алдында жауап бермейтіндерін біліп, ауыздарына келгенін айтады. Олар егер бір сарбаз түшкірсе, «ауырып қалды», ал, шын мәнінде ауыра қалса, «өлім ауызында жатыр» деп бояуын арттырып жар салады. Сондықтан алыпқашпа әңгімелерден бойды аулақ ұстап, әр ата-ана ержеткен балаларын әскерге жібергені жөн-ақ.



TURKTIME. ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ МЕДИАБІРЛІГІ

Осындай атаумен желтоқсанның 2-4 аралығы Алматы шаһарында III Халықаралық түркітілдес журналистер медиафорумы өтті. Ауқымды іс-шараны Түркітілдес журналистер қоры мен Дүниежүзілік баспасөз ассоциациясы «Шеврон» компаниясымен серіктестік негізінде ұйымдастырды.

Форумның басты мақсаты – соңғы жылдардағы әлемдік саясаттағы ахуал, соның ішінде пандемия, климаттың өзгеруі, ресурстар тапшылығы, соғысқа байланысты экономикалық дағдарыс жағдайларындағы журналистиканың түйткілді мәселелерін талқылау, ортақ алаң құру. Соның ішінде, ақпараттық манипуляция, жалған ақпараттардың артуы, БАҚ-тағы кәсіби этиканың сақталмауы мәселелері қарастырылды.

Жиынға Қазақстанның барлық облыс, аудандарымен бірге Қырғыз Республикасы, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркия, Бельгия, Ұлыбритания, Нидерландтан түркітілдес БАҚ басшылары мен өкілдері қатысты.

Форумның алғашқы күнінде журналистер пресс-тур аясында «Медеу» мұз айдыны мен «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортында қысқы демалыстарын өткізуге мүмкіндік алды. Келесі күні «Әлеуметтік журналистика: БАҚ-тағы әлеуметтік мәселелер» атты семинар-тренингте «Психологиялық қысым және эмоцияны басқару», «Эмпатия», «Соғыс, зорлық-зомбылық, табиғи апаттар құрбандарымен сұхбат алу, қарым-қатынас жасаудың психологиялық тәсілдері» тақырыптарында медиатренер Жания Бисенова өз тәжірибесімен бөліссе, медиатренер Мейіржан Әуелханұлы «Жасанды интеллектті журналистикада пайдалану» атты өзекті тақырыпта теориялық мәліметтер айтып, топпен тәжірибелік жұмыс жүргізді. Семинар-тренинг қорытындысымен сертификаттар табысталды.

Осы тұста қоса кеткіміз келеді, тренинг барысында Chat.openai.com (ChatGPT), D-id, Captions, text-to-



speech.online платформалары арқылы жасанды интеллектпен жұмыс істеудің нақты жолдарын үйрендік. Әлбетте, бұның адамзатқа тигізер пайдасы да, залалы да орасан зор болғалы тұр. Сол үшін де адам интеллектісін бірінші орыннан ысырап тастауға болмайды деген пікірдеміз.

Шараның екінші күні қаржылық сауаттылық тақырыбындағы «Еркін сөз – 2023», «Шевронның» әлеуметтік жобалары тақырыбындағы «Әлеумет – қоғам айнасы» байқауларының жеңімпаздарын марапаттауға арналған салтанатты кешпен тәмамдалды. Жасырын емес, шығармашылық байқаулардың дені әділ өтпейді. Ал бұл екеуінің жөні басқа. Неге десеңіз, бір ғана мысал – өзі студент бола жүріп атыраулық бауырымыз Әділет Қанатұлы «Еркін сөзде» алғаш рет республикалық байқауда жүлдегерлердің қатарынан көрінді. Бұл мысалдың өзі жеткілікті деп ойлаймын.

Ал форумның соңғы күнінде «Түркі мемлекеттерінің ақпараттық ынтымақтастығы», «Кәсіби этика. Құқық және ақпараттық қауіпсіздік»,

«Контентті монетизациялау: модельдер, платформалар, стратегиялар», «Медиадағы жасанды интеллект: 2024 жылдың трендтері» атты 4 отырыста форумның негізгі жұмысы атқарылды. Спикерлерден алғаш болып Түркия Республикасы Туризм министрлігінің Орталық Азия аймағындағы Мәдениет және туризм кеңесшісі, анкаралық Алпарслан Ақынджы «Жаңа «Жібек жолы» туристік белдеуіндегі Түркі ұйымына мүше елдердің ынтымақтастық негіздері» тақырыбында сөйлеп, Түркітілдес журналистер қорымен бірлескен жұмыс нәтижесінде Орта Азиядан 72 журналист турист ретінде Түркияда болғанын айтты. Брюссельден келген brukselturk.be сайтының иесі Юсуф Джинал Еуропадағы YEҰ жобалары енді Қазақстанда іске асырылатынын айтса, Бішкектен келген Элтр телеарнасының сарапшысы Сайрагүл Палотова Орталық Азия мен Түркиядағы медианың ақпараттық интеграциясына тоқталды.

Одан бөлек, журналистік этика тұрғысында стамбулдық Ахмет Түзүн,

«Мінбер» журналистерді қолдау орталығының жетекшісі Есенгүл Кәпқызы, Өзбекстан Парламентінің «Халқ Сузи» – «Народное слово» газетінің жауапты хатшысы Нурлан Усманов баяндап берді.

Үшінші және төртінші секциялардан маркетинг саласындағы, Думан Бықайдың БАҚ-тағы жасанды интеллектті қолдану бойынша жеке іс-тәжірибелерін көрсеткендігін атап өтуге болады.

Жалпы алғанда, форум қай жағынан алып қарасақ та нәтижелі болды. Осы тұста Түркітілдес журналистер қоры мен Дүниежүзілік баспасөз ассоциациясының президенті Нәзия Жоймергенқызына шексіз алғысымды білдіремін.

Өмірбек КЕНЖЕАХМЕТОВ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс магистранты



УЛЫБНИСЬ, ТЫ ЧУДО ПРИРОДЫ!

Я, Қылышбек Нурикамал, студентка III курса, специальности 6В01704-Учитель русского языка и литературы в школах с нерусским языком обучения.

Моя душа, словно вечнозелёный лес, богат флорой и фауной, о новых видах которых я раскрываю и познаю с каждым днём. В каждом моменте происходит магия, связанная с поэзией, прозой, искусством и философией. Я стараюсь их запечатлеть на бумаге или в заметках телефона, будь они и хорошими, и плохими.

Моё творчество проявляется разнообразными способами: сочинением стихотворений, рассказов, созданием живописи, фотографиями. Наш мир – неопознанный волшебный объект, который хранит тайны человечества, и я хочу найти ответы на интересующие вопросы и себя и своё место на этой планете.

БЕСЕДА ОЧЕЙ

До чего незабвенен длительный взгляд,
Именующийся беседой глаз.
Взгляни на сверкающие очи,
Как неведомое раскроется в раз.
Сколько слов и устных речей заменили глаза,
Чего душа в тревоге хранит на замке.
И нет цены таким вышедшим «словам»,
Проницательность возрастает в сто раз.
Интимна и деликатна беседа очей,
Их язык основан на чувствах и любви.
Не хватает мне твоих блестящих, словно звёзды, глаз,
Чтобы погрузиться в красоту твоей души.

ЧЕЛОВЕЧЬЯ ПРИРОДА

Человечья природа полна красот,
Вон смотри: глаза карие горят
Как багровый закат на пляже.
А синие бушуют как волны
Морские, даря свежесть в будние дни.
Зелёные цветят как полевые цветочки,
Аж запах ромашек ощущается в серым городе.
Посмотри, как растяжки расстилаются на теле,
Точно песчаная струйка в пустыне.
А родинки, прыщи и акне блестят, яко звёзды на небе.
Вены, словно реки среди душистых лесов,
Протекают, таща нужные элементы внутри тела.
Видишь? Дивность эта ещѐ не закончена,
Миллионы красот природных
Благоухает в каждом из нас.
Люби и принимай свою природу так,
Как любишь и ценишь мамушку-планету.

HEARTFELT BLOOMING

My heartfelt blooming,
It seems quite loud.
Soul touches these changes,
But nobody can see.
If you'll feel bold in me,
Please, don't be surprised.
It is one of the changes,
That nobody can feel.



ЖАСТАР БЕЛСЕНДІ БОЛУЫ ТИІС

Жақында жастар мәслихатына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің екі студенті депутат болып сайланды, олар – Бекнұр Абдуламов пен Айкөркем Жолдас. Бір қарағанда, тым нәзік көрінетін Айкөркем жас та болса, көп жерде бас болып, көзге түсіп жүрген, ерік-жігері мықты жастардың бірі. Ол – экономика және құқық факультетінің қаржы және аналитика білім беру бағдарламасының 3 курс студенті, БҰҰ «Есірткісіз болашақ» КҚ Атырау облыстық басшысы. Бұған дейінгі университеттегі Студенттік парламент құрамында мәдениет министрі болып жұмыс істеді. Біз Айкөркем Жолдасты студент жастарға кеңінен таныстыру мақсатында бірнеше сұрақтар қойған болатымыз.

–Айкөркем, Атырау университетіне қалай келдің?

–Мен Қызылқоға ауданы Миялы селосындағы Х.Досмұхамедов атындағы орта мектепті аяқтадым. Оқу бітіргеннен кейін басқалар сияқты, Алматы немесе Астана қалаларына кетсем бе деп те ойланып жүрдім, бірақ, ата-анаммен ақылдаса келгенде ол кісілер әрі қарай Атыраудағы жоғарғы оқу орнында оқуымның тиімді екеніне көзімді жеткізді. Мен жастар өмірлік қалауларын өздері жасаулары керек деп ойлаймын, дегенмен, уақыт өткен сайын ата-анамның берген ақыл-кеңесі мен шешімі сәтті де орынды болғанына көз жеткізіп келемін. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің студенті атанып, қызықты да мазмұнды студенттік күндерді бастан кешіріп жатқанымға қуанамын.

–Мектепте белсенді оқушы болдың ба, жалпы, жастардың енжар емес, белсенді болғаны қоғамға және өздеріне қаншалықты көмектеседі деп ойлайсың? Оқу мен қоғамдық жұмысты қалай ұштастыруға болады?

–Мектепте онша белсенді болдым деп сәнді етіп, санаулы адаммен, отбасыммен, мұғалімдермен ғана араласатынымын. Университетте оқып жүргенде активистер форумына қатысуым маған үлкен ой салып, жігер берді. Белсенді студенттерді, олардың жұмысын, университет өміріндегі рөлін көріп, менде де құлшыныс пайда болды. Содан кейін Студенттік өзін-өзі басқару құрылымына өтініш беріп, сол команданың мүшесі болдым. Сол арқылы мақсаттарымды айқындап, бағыт бағдар алдым, бұл маған көп мүмкіндіктер берді. Одан бөлек, ең жақын достарды тауып, дамушы жастардан құралған орталармен байланыс құрып, ауқымды шара, мемлекеттік, халықаралық деңгейлердегі форумдар мен жобаларға, шараларға белсене қатысып, мол тәжірибе жинақтадым. Тиімді ұштастыра білген жағдайда оқу мен қоғамдық жұмысты ақсатпай, қатар алып жүруге әбден болады. Осы кезде дейін маған қоғамдық белсенділіктің кері әсер еткен жері

жоқ. Кейде ауқымды шаралардың алдында кей сабақтарды алдын ала немесе оқытушылардан тапсырма алып, жіберіп алған сабақтарды қайтадан тапсыратынымыз бар, бірақ, қалай болғанда да сабақтан үлгеруге тырысамыз.

–Атырау облыстық жастар мәслихатына кандидаттығыңды ұсынуыңа осындай ұстанымдарың түрткі болды деп айтуға бола ма? Депутат ретінде сені жастарға қатысты қандай мәселелер алаңдатады?

–Тәуелсіз Қазақстанның дамуына өз үлесімді қосып, көшбасты ретінде бастаған, атқарған жұмысымды жалғастыру мақсатында облыстық жастар мәслихатына өзімді үміткер ретінде ұсынған едім. Сайлау тәртібіне сай дебат ойынына қатысып, дауыс саны бойынша жеңіске жеттім.

Қазіргі күні кей қатарластарымыздың қоғамдық белсенділікке аз деңгейде араласуы, өз пікірін ашық білдіре алмайтыны, ата-анасына сеніп, соларға үміт артатыны, қоғамнан өз орнын таппауы оларға үлкен өмірге қадам басқанда кедергісін тигізеді деп ойлаймын. Оның алдын алу үшін форум сияқты тартымды іс-шараларды шараларды жиі өткізіп, мектеп оқушыларын қазірден бастап тарту керек. Сондай-ақ, нашақорлық, лудомания сынды проблемалар қоғам дертіне айналып отыры, әсіресе, есірткінің күн өткен сайын түрленіп, оқушыға дейін қолжетімді болып бара жатқаны алаңдатады. БҰҰ «Есірткісіз болашақ» корпоративті қорының жетекшісі ретінде біздің тобымыздың қолдан келгенше жұмыстар атқарып отырғанын айта кеткім келеді, атап айтқанда, тақырыптық лекция, семинар, тренингтер өткізіп, полиция қызметкерлерімен рейдке шығып, нарколог дәрігерлермен жиі кездесулер өткізудеміз.

–Соңғы кездері интернет желісі арқылы таралып кеткен «Слово пацана» сияқты агрессияға толы фильмдер сыналып жүр, мұндай ауыр, зорлық-зомбылыққа толы туындылар жастардың психологиясына, тіпті, идеологияға теріс әсер етуі мүмкін бе, қалай ойлайсың?

–Меніңше, агрессияға толы, расымен де жастардың санасына, эмоциясына кері әсер ететін мұндай фильмдерден гөрі қазақы тәрбие беретін, тағылымы мол, қоғамға ой салатын кинофильмдерді көптеп көрсеткен дұрыс болар еді. Мәселен, жақында «Оян, қазақ» фильмі кинотеатрдан көрсетіліп, жақсы көрсетілім жинады, демек, ондай картиналарға сұраныс та, көрермен де бар.

–Сөз соңында қатар-құрбыларыңа қандай тілек айтар едің?

–Ең қызық, аяулы шақтарыңды мәнді де сәнді етіп, жастық шақтарыңды бос жібермей, жаңа Қазақстанның кірпіші болып қалана беріңіздер дер едім, алға қойған мақсаттарыңыз айқын, болашақтарыңыз жарқын болсын!



БІЗДІҢ АРУЖАН – АТЫРАУ АРУЫ

Менің аты-жөнім Аружан Қуатбаева, инновациялық білім беру факультеті «психология» мамандығының 3 курс студентімін, жасым 19-да. Психолог мамандығын қазіргі кезде сұранысқа ие мамандық ретінде таңдадым десем де болады, оның үстіне, психологияны терең зерттеу басқа адамдарды ғана емес, өзіңді де терең түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, модель ретінде «Vero modelz» мектебінде оқып жатырмын, сондай-ақ, визажистпын, адамдарды бояндырғанды, сәндегенді жақсы көремін. Негізі, мен белсенді өмір салтын ұстанамын, бала кезімнен биге қатысатынымын, соның ішінде, қазір бидің екі түрімен тұрақты шұғылданып жүрмін, олар: леди дэнс және контемп, қосымша стретчинг және йогамен айналысамын.

Мен «Мисс Атырау-2023» байқауы жайлы инстаграмдағы жарнамадан оқып білдім. Бұл бала кезден бергі арманым болатын, неге қатысып, бағымды сынап көрмеске деген ой туды. Сөйтіп, байқауға қатысуға үміткер болған қыздар барлығы үш кастингтен өттік. Оның біріншісі маусым айында болды, ол кезде бізге түрлі сұрақтар қойып, фотоға түсірді. Қазан айындағы турда он қыз іріктеліп шықты. Одан кейін тағы үш қыз іріктеліп, Алматы қаласында өткен байқаудың жартылай финалына қатыстық. Онда да еліміздің түкпір-түкпірінен келген ақылды да көрікті 38 қыздың 25-і іріктелді, мен соның ішінде болдым. Байқау нәтижесінде «Мисс Атырау» атандым. Қуанышымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын, барлық кезеңдерден өтіп келе жатқанда оған өзімнің сенбеген кездерім де болды, маған үміт артқан, қолдау білдірген жандардың бәріне алғыс айтамын!



МИЛАНАДАН ЛАЙХФАКТАР

Милана Джунусова Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті көптілді білім беру факультетінің 2 курс студенті. Индер ауданы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепті бітірген Милана Түркияда екі жыл оқып білім алған. Оның бірінші жылы Анкара, екінші жылы Измирдегі Докуз Эйлеаль университеттерінде оқиды. Осылайша, түрік тілінде еркін оқып-жазатын студент Атырау университетінде ағылшын және неміс тілдерін үйренуде.

«Кез-келген шет тілін үйренуде екі нәрсе маңызды, оның біріншісі – көп әрі жиі сөйлеу, екіншісі, қысылмай сөйлеу», – дейді Милана. Сондай-ақ, тілді үйренуде грамматикамен қатар, сол тілде кино көріп, ән тыңдап, кітап оқып, аудио, видеоқабылдауды да бір мезгілде дамыта берген дұрыс. Миланың айтуынша, ол көбінесе қажет тілдегі әнді ыңылдап айта жүріп үйренгенді ұнатады екен. Бір қызығы, тіл білу адамның көкжиегін кеңейтіп қана қоймайды, адамның мінез-құлқы да тілдік ерекшеліктерге орай өзгере түсетінін байқайсың. Ал кинофильмдерді Милана алдымен үйреніп жатқан тілдегі субтитрмен, кейін төселе бастаған соң субтитрсіз көруге кеңес береді. Оның арманы – алдағы жылдары жапон және кәріс тілдеріне ден қойып, үйрену.

–Шетел тілін үйрену бастапқыда қиын көрінуі мүмкін, ал адам бірнеше тіл меңгерген кезде ол оңайланып, тағы да көрсем-білсем деген құштарлығыңды арттыра түседі», – дейді жас полиглот.

ТОПЫРАҒЫНА ТАРТҚАН ҰЛ

Профессор Төлепбергени Төлеубай Төлепбергенұлы 1948 жылдың 26 мамырында Ақтөбе облысы Шалқар ауданының Сарыбұлақ совхозында, қазіргі Есет батыр ауылында туған. Шалқар қаласындағы №1 қазақ орта мектебінде оқып, оны 1966 жылы бітірді. Бұл мектепті кезінде тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚРҒА-ның корреспондент-мүшесі Бекежан Сүлейменов пен Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері Әбдіжәміл Нұрпейісов оқып, бітірген.

Орта мектепті бітіргеннен кейін Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1970 жылы үздік бітірді. Институттан соң әскерге барып, одан әрі Гурьев облыстық комсомол комитетінде нұсқаушы, лектор, лекторлар тобының жетекшісі, насихат және мәдени-көпшілік жұмыстар бөлімінің меңгерушісі болып істеді. Сол кезде салынып жатқан «Бейнеу-Қоңырат» теміржол құрылысына, «екінші майдан» деп аталатын мал шаруашылығының комсомол-жастар шопандар бригадасына жастарды тартумен, атақты БАМ құрылысына еріктілер отрядын жасақтаумен айналысты.

1974 жылы Гурьев облыстық партия комитетінің аппаратына ауыстырылып, онда кеңесші, Саяси ағарту үйі меңгерушісінің орынбасары, ұлт-аралық қатынастар секторының меңгерушісі, идеология бөлімінің меңгерушісі болып 1991 жылдың күзіне дейін қызмет атқарды. 1990 жылы Москва Гуманитарлық Академиясында (бұрынғы «Историко-Архивный институт») кандидаттық диссертация қорғаған. Осы тұста Атырау облысы тарихшыларынан Мәскеуден диссертация қорғаған академик Зұлхарнай Алдамжар екеуі ғана екендігін айта кету керек.

1991-1994 жылдары Атырау облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры болды. Бұл кезең Қазақстанның тәуелсіздік алу, соған байланысты оқу-тәрбие ісінде халықтық педагогика қағидаларын енгізу, білім беру ісін жаңа сатыға көтеру мәселесімен тұспа-тұс келгені белгілі. Осы бағытта ОМБЖИ-дің бұрынғы директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі, марқұм Дүйсенғали Байбосыновтың есімін Атырау қаласындағы 13 мектепке беру жөнінде мемлекеттік органдардың алдына мәселе қойып, мұрындық болды, нақты шешімге қол жеткізді.

1994 жылы қыркүйек айында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіне проректор болып жұмысқа ауыстырылды, сол жылдың желтоқсанынан бастап университеттің тарих, 2000 жылдың қаңтарынан тарих және құқық, осы жылдың қыркүйегінен тарих-филология факультеті деканы қызметтерін абыроймен атқарды. 2004 жылдың тамыз айынан өмірінің соңына дейін (2007 жылғы 19 мамыр) Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі болды.

1993 жылы 15 желтоқсанда ҚР Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен «доцент» атағын алған. 1994 жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі», 2004 жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» белгілерімен, 1998-2001 жылдар аралығында Атырау облысы мен қала әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі. Бір монография, бірнеше кітаптар мен 300-дей ғылыми-тарихи мақалалардың авторы.

**

Жуырда жолым түсіп Атыраудағы Халел Досмұхамедов атындағы педагогикалық университетке бара қалдым. Алдымнан ғұлама ғалым, белгілі қоғам қайраткерінің ой үстіндегі келісті мүсіні қарсы алды. Есіме сексен жылдан артық осы оқу орнына басындағы бантигі жаңа түсіп, оқу іздеп келген мөлдiреген жас қыздар мен түбiт мұрт ұлдар оралды. Олар осы институт қабырғасында Халел сынды талай зиялылардан дәріс тыңдап, өздерінің туған ауылдарына білікті ұстаз, білімді маман болып оралды немесе оқу орны оқытушы – профессорларының ұйғарымымен жұмысқа қалдырылды, аспирантураға жіберілді. Сондайлардың бірі – бұл күнде арамызда жоқ, бірақ жүректе жарқыраған жүзі, жып-жылы үні бар жақсы дос, айтулы азамат Төлеубай дос, сен де бар едің.

Сен сонау Ақтөбенің жақсылар мен жайсаңдар елі – Шалқардан өткен ғасырдың алпысыншы жылдардың ортасында қатарластарыңның көбі Алматы асып, Ақтөбенің асфальтін басып, жоғары білім аламын деп жүргенде, сен әкеңнің мал шаруашылығы маманы боласың дегеніне мойын ұсынбай, мен батырлардың ұрпағымын, Көтібар, Есеттен тараймын, солардың ерлігін елге паш етемін, халқымының өткеніне қағазға түсіретін тарихшы боламын деп Атырауда ат басын тіреп, осындағы педагогикалық институтқа құжаттарын өткіздің. Арман алдаған жоқ, студент атанды. Сол белсенділік оны оқу орнын аяқтағанда облыстық комсомол комитетіне жұмысқа қалдырылып,



еңбек жолының басталуына себепші болды.

Жақсы адамға қай жерде де бір кісілік орын бар. Аз уақытта өзінің білімі, көпшілдігі, адамдармен тез тіл табысып, орта таңдай білетіндігі оны айшықтап, дараландыра түсті. Әуелі қатардағы қызметкер, бөлім меңгерушісі, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі – идеологиялық майданның облыстағы көш басшыларының бірі, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі атандырды.

Бір кездері мен облыстық телевидениеде біраз жыл еңбек еттім. Сол кезде оның алпыс жасын еске алып, атап өтуге байланысты хабар дайындаппын. Оған Төлеубаймен жұмыстас болған әріптестерінің біразынан интервью алған екенмін. Соның бірі белгілі қайраткер Теңдік Жауыров «Біз Төлеубаймен ұзақ жыл қызметтес болып, оның жұмыс қабілеті, іскерлік шеберлігіне қанықтық. Ол өмірде өте байсалды, қандай істі қолға алса да ақырына дейін жеткізіп, тыңғылықты орындайтын ұқыпты және өз бойындағы осындай қасиетті айналасындағы әріптестеріне үйрете алатын ықпалды жетекші болды. Оның тағы бір ірі қасиеті – уақыт тынысына сай тез икемделетін ілкімді идеолог екендігі еді», – деген екен.

Төлеубай Төлепбергенұлы осылайша жиырма жылдай саяси-қоғамдық жұмыста жүрді. Сол кезде ол мемлекеттік қызметтің ыссылы-суығына күйөміне бірге өзінің мамандығына сай білігін өсіру – ғылыммен шұғылдандуды да ұмытпады. Мәскеудің архив-тарих институтының аспирантурасын бітіріп, кейін сол институттың ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертация қорғады. Бұнысы 1991 жылы кеңестік саяси құрылым өз билігін тоқтатқанда Төлеубайдың жаңа қызмет – облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына басшылыққа баруына себепші болды. Ол жайлы әріптесі М.Ізмұқанов «Төлеубайдың бұл жерде атқарған істері көп. Әсіресе мектептерде ұстаздардың әдістемелік жұмыстарды жетілдіруі, халықтық педагогикаға жаңаша көзқарас, көршілес Астрахань (Ресей) облысындағы қазақ балаларына ұлттық құндылықтарды оқыту әдістері туралы тың бастамалары мұғалімдерден жақмы қолдау тапты» десе, артынан Төкең өзі оқыған Х.Досмұхамедов атындағы университетке (бір кездегі педагогикалық оқу орнының статусы кейін университет болып өзгерген) қызмет ауыстырды. Сөйтіп оның ұстаздығымен бірге ғылыми ізденістері де өсе түсті. Әуелі проректорлық лауазымда болса, кейін өзі оқыған тарих факультетінде декан болды.

Жаңа жердегі жұмыс ауқымы кеңіді. Өйткені тәуелсіз Қазақстанның жаңа қоғамдағы өзіндік талаптары бар. Оны жаңа статуска ие болған оқу орнының өміріне кеңінен енгізу, ұстаздардан бастап, студенттер, жалпы барлық қызметкерлерді жаңаша, бұрынғы Ресейлік біржақты орысша биліктегі саясат емес, бүгінгі әлемдік ықпалдағы

Қазақстандық ұлттық негізде ұйымдастыру, оқыту, тәрбиелеу қажеттігі тұрды. Оқу орындары қосымша құрылымдармен толықты, жаңа факультет, мамандықтар ашылды. Соған сай жаңаша түсініктегі кадр таңдау қажеттілігі туды.

Факультет өмірінде де өзгерістер көп еді. Бұрынғы «пышақтың қырындай» қазақ тарихы жаңа көзқарастағы ұлттық ғылыми тілдегі оқулық ретінде толықтырылды, қайта жазылды. Міне, осындай кезеңде Төлеубайдың да күн демей, түн демей қарбаласта жұмыс істеуіне тура келді. Оқу орнындағы басшылық Төлеубайға жаңа қырынан жұмыс істеуіне мүмкіндік берді. Өйткені ол алдымен жоғары білімді ұстаздар дайындайтын оқу орнына келді. Яғни ол бұрынғы оң-солын танып үлгермеген жасөспірімді енді су жаңа мамандық иесі етіп тәрбиелеумен бірге ертең өзі де сондай шәкірт қалыптастыратын және өз мамандығын сүйетін маман тәрбиелеуі керек. Осы үрдістегі Төлеубай жаңа жерде көп істердің ұйытқысы болды. Талапқойғыш, өзін де, өзгені де белсенді қызмет істеуге жұмылдырды, – дейтін кезінде кафедра меңгерушісі болған профессор ағасы Жиенбай Бақи. Өкініштісі, жоғарыда аттары аталған ағалардың бәрі де бұл күнде арамызда жоқ, бақилық ғұмыр кешті.

Төлеубай қай уақытта да қолынан қаламын түсірмейтін, ұдайы ізденістегі шығармашыл ғалым болды. Батыр бабалары – Көтібар, Есет, Арыстан Тінәліұлы, олардың тұстастары мен ортасы жайлы көп ізденді, бірнеше кітап, ғылыми мақалалар жазды, олар түрлі басылымдарда жарияланды, конференциялар өткізді. Сондай-ақ ол Қарабас аталығының алғаш рет рулық шежіресін түзіп, айтулы адамдары жайлы мол мәліметтер жинақтады.

Өмірінің кейінгі жылдары Қазақстандағы ұлт азаттық көтерілістері, оларды ғылыми тұрғыда зерделеу бағытында тың талпыныстар жасады. Бірақ, өмір ағысы әрқашан өз ойлағаныңдай шыға бермейді ғой. Оның үстіне ғұмырының соңғы жылдарындағы қым-қуыт жұмыс дүрмегі оның жүрегіне кәдімгідей салмақ салды. Ауру меңдеп, денсаулығы төмендеді. Құдай қосқан қосағы (ол да бұл күнде марқұм болған) Қарлыға Жұмабайқызы екеуі Ләззат, Жанар атты қыздармен бірге ұлы Асқарды заман талабына сай оқытты, тәрбиеледі, жоғары білім алып берді. Әрқайсысының аяқтанып, отау тігулеріне мүмкіндік жасады. Олардан жиен сүйді, немере жалғасты.

Жыл өткен сайын меңдеп бара жатқан дерт Төлеубайды көп ойландырды. Дәрігерлер қоныс аудару керек деген ұсыныс айтты. Шалқардан мектеп бітірген ол өз үйінде болған Атырауда оқыды, жоғары білім алды, түрлі салаларда тер төкті. Ғылыми атақ алды, профессор атанды. Осы жақтан жар тапты, ұрпағын өсірді, жаңа туыстар тапты. Дегенмен бәрі де кіндік кесіп, кір жуған атажұртқа жетпейді екен. «Ер туған жеріне» деген бар емес пе? Ол осы сұрақ төңірегінде төрт-бес жыл толғанды. Ақыры ауасы – салқар, құшағы – шалқар мысыр шәрі – Шалқар болмаса да Есет атасының Есет Көкіұлынан бата алған Бестамаққа (өзі де мәңгілік мекенін осы Бестамақтан тапты) жақын, Көтібар атасының жамбасы тиген жерден алыс емес, Төлеубайдың өз тілімен айтқанда «атакүлдігіме жетіп алайын» деп Ақтөбе шаһарына қоныс аударды. Сондағы мемлекеттік педагогикалық институтта профессор ретінде кафедра меңгерушісі қызметін жалғастырды.

Өкініштісі, мұндағы тірлігі ұзаққа бармады. Тағдыр ғой, өз топырағының тұлғалы азаматы туралы сөйлеп тұрған жиында ақырғы демі үзілді.

Мен Атыраудағы ол оқыған университетті ойға оралтсам, есіме жастығымыз бірге өтіп, шуақты күндеріміз бен қуатты жылдарымызды қатар жалғастырған дегдар досым Төлеубай Төлепбергени оралады. Расында сен топырағыңа тартып туған ұл едің. Талай рет дастарқаныңнан дәм таттық. Сонда сен үйіңнің қабырғасындағы Есет атаңның үлкен портретінің астында арқаңды тіреп отырып, «Мынау елден келген бағыланның еті. Кеше ғана Елубай інім алып келді» деп басы бар табақ тартып, «Алдарыңдағы сары май мен ірімшіктен жеңдер, бәрі біздің ауылдікі. Шалқардың бал татыған суын ішіп, шөлдеріңді қандырыңдар» деп шалқығаныңда біз дәл бір сенің Айшуағың мен Есет ауылыңда отырғандай күй кешетінбіз. Күндер-ай десеңші?! Тірі болсаң бүгінде біз сенің 75 жасыңды тойлап, тағы да төрінде тап сондай қуанышты сәттерді бастан кешіп отырар едік. Бір кем дүние, атқан оқтай, шапқан аттай бастан ұшып, өтіп барасың. Бірақ сен қазір ортамызда жоқсың. Бақұл бол, Төке! Ұрпақтарың аман болғай!

Өтепберген ӘЛІМГЕРЕЙҰЛЫ,
жазушы – өлкетанушы,
«Құрмет» орденінің иегері
Атырау қаласы

ДЕГДАР ДЕКАН, ҰЛЫҚ ҰСТАЗ

«Талайға талпынсын деп тұғыр бердің,
Талайға қолдан қайта ғұмыр бердің.
Білмеймін қанша жанның қарыздарын,-
Өзіңе үстінде бұл жұмыр жердің!»- деп

Нарынның наркескен ақыны Нұралы Әжіғалиев жырлағандай, ұстаз-ұлықты, ғалым-ғибратты, декан-дегдар есім. Осы бір жыр жолдары ұстаз-ғалым, 1973-1985 жылдары аралығында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Гурьев мемлекеттік педагогикалық институты), тарих-филология факультетінің деканы қызметін абыройлы биікте атқарған Жиенбай Базарбайұлы Бақи рухына бағышталғандай болып көрінеді.

1980 жылы Гурьев педагогикалық институтында жаңадан ашылған «тарих, қоғамтану және құқық негіздері» мамандығы бойынша оқуға қабылданып, тарих-филология факультетінің студенттері атында. Аталмыш мамандықтың қазақ бөліміне 50 студент қабылданды. 1980-1981 оқу жылының 1 қыркүйегінде 115, 116 топ студенттері болып, оқуды бастап та кеттік. Оқу жылының алғашқы күнінде дәріс өтіп жатырған аудиторияға келіп, өзін, «тарих-филология факультетінің деканы Жиенбай Базарбайұлы Бакиевтің», - деп таныстырған ағайымыз, бәрімізбен жеке-жеке танысып, оқуда алда болып, тәлімді-тәрбиелі азамат атануымызға тілектестігін білдірді. Келесі оқу жылында 126-топқа мені староста етіп тағайындады, старостаның атқаратын қызметін нақты түсіндіріп, жұмысыма сәттілік тіледі. Ол кезде старостаның хұқы өте мықты болды. Топ студенттерінің оқу үлгерімі, сабаққа қатынасы, тәртібі, қоғамдық жұмыстарға қатынасы, мәдени-спорттық шараларға араласуы, ғылыми ізденіс танытуы жөнінде әрбір ай сайын деканатқа есеп беріп отырады. Егер студент дәлелсіз 36 сағат дәрістер мен практикалық сабақтарға қатынаспаса оқудан шығарылады. Осы процестің бәрін Жиенбай ағай өзі қадағалап, басқарып отырды.

Жиенбай ағай декан ретінде оқудан тыс уақыттағы өмірімізге де мән беріп, қажет болса ақыл-кеңесін де ұсынды. Біздің топта оқыған Ерекешов Асқар, Насыров Исатай, Қошанов Мағзом, Сәрсенғалиев Әліпқали (115-топ және мен I курсты аяқтағаннан кейін, «Жас қайрат» студенттік құрылыс отрядына жазылып, Махамбет ауданы, Заурал-ный кеңшарындағы Мыңбай деп аталатын участкаға құрылыс жұмыстарында болдық. Еңбек демалысында жүрсе де біздің деканымыз Жиенбай Базарбайұлы кураторымыз Күләш Қайырбекқызымен бірге бізді іздеп келіп, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымызбен танысып, әкелік ақыл-кеңесін айтып, еңбек семестрін сәтті аяқтауымызға тілектестігін білдірді.

III курсқа аяқ басқасын Жиенбай Базарбайұлы бізге КСРО тарихынан дәріс оқып, практикалық сабақтарын да өзі жүргізді. Осы пән бойынша курстық жұмыс тақырыптары берілді. Жиенбай ағай маған «Гурьев балық- консерві комбинатының тарихы (1933-1983ж.ж.)» атты тақырыпты ұсынған болатын, әрі ғылыми жетекші болып тағайындалды. Курстық жұмысты 5 «өте жақсы» деген бағаға қорғадым. IV курсты бастағанда Жиенбай Базарбайұлы арнайы шақырып, «Айдар, тақырыбыңды дипломдық жұмысыңа айналыруымыз керек. Әрине, оған Гурьев облыстық тарихи-өлкетану мұражайындағы, Балықшы поселкасындағы Гурьев балық-консерві комбинаты мұражайы мен мерзімді баспасөз материалдары жеткіліксіз. Мемлекеттік архивпен жұмыс істеуіміз керек», - деп ескертті. Сол күні ғылым ісі жөніндегі проректор, ғұлама ғалым Зұлқарнай Алдамжарұлына алып барып, Гурьев облыстық мемлекеттік архивіне

/ГАГО/ рұхсат қағазын алып берді. Гурьев балық-консерві комбинатына қатысты ғылыми- зерттеу жұмыстарын жан- жақты жүргізіп, архив қорларымен танысып (3; 180; 181; 189-қорлар), 1930- жылдан бастап, «Социалистік құрылыс», «Прикаспийская коммуна» газеттері материалдарын толықтай қарап шығып, дипломдық жұмысты дәл уақытында 5 «өте жақсы» деген бағаға қорғап шықтым. 1985 жылдың 7 мамыр күнгі аудандық «Каспий таңы» газетінде көлемді мақала жарияланды. Осы кездің бәрінде Жиенбай ағай үнемі қолдау білдіріп, нағыз ғылыми жетекші екендігін дәлелдей білді. Тіпті, қасыма сол кездегі жас оқытушы Ғабит Кенжебаевты қосып беріп, диплом жұмысын баспаханадан үш дана етіп, түптегіп алуға көмектескен болатын.

1993 жылы Гурьев балық-консерві комбинатының 60 жылдық мерей тойы аталып өтті. Осы мерей той қарсаңында үздік ғылыми- публицистикалық мақалаларға конкурс жарияланған болатын. Жиенбай ағай екеуіміз жүлделі III орынға ие болып, ақшалай сыйлықпен марапатталдық.

Осы жылы Атырау педагогикалық институтының педагогика кафедрасына оқытушы болып қызметке келдім. Жиенбай ағай тәжірибелі ұстаз-ғалым есебінде әрдайым ақыл-кеңесін беріп отырды. Жоғары оқу орнындағы ғылыми- зерттеу, оқу-әдістемелік, тәлім-тәрбиелік жұмыстардың бағыт- бағдарын түсіндіріп отырды. Педагогикалық институттағы қызметіміз бір жолға түскенше, шәкіртім деп есептеп, әкелік қамқорлығын аяған жоқ.

2003 жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы халықаралық деңгейде аталып өтті. Осы шараның аясында Қостанай әлеуметтік- гуманитарлық университеті аймақтық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырды. Университет ректоры, ғибратты ғалым, ұлағатты ұстаз Зұлқарнай Алдамжарұлы, Жиенбай ағайдың шәкірті, тарихтың тылсым сырын зерттеген, дарабоз тарихшы-ғалым Әбілсейіт Хафизұлы Жиенбай Базарбайұлына риясыз құрмет көрсетіп, алқалаған әлеуметтің ортасында Жиенбай ағайдың терең мазмұнды ғылыми баяндама жасауына мүмкіндік берді. Ағайды үлкен құрмет-қошметке бөледі. Қостанай сапарына да Жиенбай Базарбайұлы екеуіміз бірге барып, қайттық.

... Биылғы жылдың шілде айында менің зайыбым Элеонора Шамсутдинқызымен бірге 1983-1988 жылдары «Құрмет белгісі» орденді Тамбов мемлекеттік педагогикалық институтында бірге оқыған, бес жыл бойы студенттік жатақхананың бір бөлмесінде тұрған, аталған институттың ұлт мектептеріндегі орыс тілі мен әдебиеті мамандығын бітірген досы Шаттық Қайырболатқызы Нұфкалиева-Садыковамен кездесіп, аз-кем сұхбаттасқан болатынмын. Көрген жерде бірден Жиенбай ағайды сурады. Шаттық қазір Құрманғазы ауданы, Ақкөл ауылы, Ақкөл жалпы білім беретін орта мектебінде 35 жыл педагогикалық стажы бар, зерттеуші мұғалім. Шаттық Қайырболатқызының пікірін өз сөзімен беріп қарайық: «Мен 1983 жылы орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша мұғалім болуды армандап, Гурьев педагогикалық институты тарих-филология факультетіне құжат тапсырдым. Бірінші емтиханым орыс тілі жазбаша бес болды, екінші емтиханым орыс әдебиеті ауызша үш болды, енді үшінші емтиханым - тарихқа кірейін деп отырғанмын, қасыма етжеңді, қара торы, жүзі мейірімді бір ағай келді. Жағдайымды білген соң, «Біз



Тамбов қаласына баратын студенттерді іріктеудеміз. Мен, тарих-филология факультетінің деканы боламын. Орыс тілі мен әдебиеті мамандығын таңдаған соң, сол Ресей жерінен білім алғаның дұрыс. Сенің тарихты жақсы тапсырып шығуыңа тілектеспін», - деп сенім білдірді. Мен сол жерде сыртта жүрген папаммен де ақылдаспай, Жиенбай ағайға (есімнен кейінірек білдім) «Мен онда Ресейге барып оқимын» деп уәдеміз бердім. Емтиханда жақсы сұрақ келді ме, әлде Жиенбай ағайдың септігі тиді ме, тарихтан 4 деген баға алдым. Төртінші сабақ, шет тілінен- оқылған жоқ деп, үш қойып берді. Сыртқа шыққасын папама айтып едім, ол кісі де қолдап, құшақтап, маңдайымнан сүйіп, келісімін берді. Әсіресе, Жиенбай ағайдың «алға жүремің деген адамның ешкім етегінен тартпайды, біз сендердің қашанда алдан көрінулеріңе жанашыр боламыз» деген сөзін ешқашан ұмытпаймын. Жиенбай ағайдың жақсылығы мәңгі есімде қалды», - деген болатын. Шынында, Жиенбай Базарбайұлы тарих-филология факультетінің деканы болып тұрған жылдары қаншама жанға жақсылығын тигізді екен?!

Топырағыңыз торқа болсын!

Иманыңыз салауат болсын!

Рухыңызбен, өзіңізбен рухтас жандарды желеп- жеп жатыңыз!

Айдар САБИРОВ,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі,
Ыбырай Алтынсарин төсбелгісінің иегері

ТАЛАПШЫЛ ӘРІ ЖАНАШЫР ДЕКАН

1997 жылы мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде оқу ісі жөніндегі проректорының хатшысы қызметін атқардым. Қабылдау бөліміне сол кездегі сырттай оқыту факультетінің деканы Садықова Айсұлу Тәжіғалиқызы келіп: «Амансың ба, Ақтолқын. Саған бір ұсынысым бар. Біздің сырттай оқыту факультетіне хатшылық қызметке жұмысқа шақырайын деп келіп едім. Жұмысыңа ұқыпты, жауапкершілігің бар екенін байқап жүрмін. Бірер күн ойланып, жауабыңды айтарсың», - деді де Айсұлу апай қабылдау бөлімінен шығып кетті. Бұндай ұсынысқа шынымен де, ойланып қалдым. Факультеттің жұмысын бұрын жасап көргенмін. 1994 жылы «Тарих» факультетінде хатшылық қызмет атқарғанмын. Апай менің жұмысымды сырттай бағалап, оң нәтиже бергеніне қуанып та қалдым. Көп кешікпей университеттің сырттай оқыту факультетіне хатшылық қызметке ауыстым.

Бір факультеттің өзі, университеттің барлық сырттай оқытын мамандықтарын қамтып, үлгеріп жұмыс жасап отырды. Факультетте қызмет атқарып отырған 7 маман болатын (декан, декан орынбасары, 4 әдіскер, хатшы). Ай сайын әрбір курсқа, белгіленген график бойынша мамандықтарда оқытын студенттер оқуға келеді. Факультеттің ұжымы өте ұйымшыл, үлкен, кіші деп бір-бірімізді сыйлайтын едік. Артық әңгіме айтуға уақыт жоқ. Бәрі өз қызметінде аса ұқыптылықпен жұмыс жасады.

Айсұлу Тәжіғалиқызының жұмысты ұйымдастыруы өте жоғары деңгейде болды. Университет ішінде де беделі жоғары болатын. «Жұмыс десе ішер асын жерге қояды», - деген сөз Айсұлу апайға арналғандай. Уақытпен санаспайтын. Алдындағы қағазын бітіргенше, қара кешке дейін деканат ішінде отырып жұмыс жасай беруші еді. Мен де қасында көмектесіп отырамын. Үйге

сұрану дегенді білмейді екенмін. Кейде сағатқа қарап, қараңғы түсіп, қоғамдық көліктердің де қатынауы тоқтаған кезде дейін жұмыс жасап отырып қалсақ, апай маған: «Қызым-ау, сенің үйің қала сыртында екенін де ойламаппын, бүгін біздікіне қонарсың, ата-анана телефонмен ескерте қой», - деп мені өзімен бірге үйіне алып барады.

Үйінде анасы Сәния апай шәйін қойып, дастархан жәйіп күтіп отырады. Дастархан басында әңгіме айтып, тіпті бастығымның үйінде отырмын деп қысылған емес екенмін. Себебі, апай үйде өте қарапайым. Анасы Сәния апайдың әңгімесі тартымды. Айсұлу апайым жұмыста сырт көзге қатал болғанмен, қайырымды перзент, мейірімді ана, бауырмал болатын. Анасы мен қызы Әселін қатты жақсы көрді. Кейде, жақсы көңіл- күйі көтеріліп отырса, осы жақын адамдарын мақтап, жылы шыраймен айтып отыратын.

Жұмыс болғаннан соң, әртүрлі жағдайлар болады. Кейде студенттердің арасында, мен отыратын қабылдау бөлмесіне келіп дауыс көтеретіндер де болады. Сондай кезде, Айсұлу апайым келесі бөлмеде отырып естіп қалса: «Менің Ақтолқыныма дауыс көтермеңіздер. Мәселе болса бері қарай келіп айтыңыздар», - деп мені қорғап жатады.

Айсұлу Тәжіғалиқызымен 6 жылдай қызметтес болыппын. Осы жылдарда апайдан үйренгенім көп болды. Жұмысқа деген ұқыптылықты, жауапкершілікті, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, басқа да жақсы қасиеттерді алдым десем де болады.

...2022 жылдың күзінде апайдың ауыр науқастан дүниеден өтті дегенін естігенде, тіпті ондай дертпен ауырғанын да білмеппіз. Себебі, апай үнемі жұмысқа келгенде бұрынғыша тік жүріп, сабағына, университетте өтетін әр түрлі шараларға қатысып, өз ойымен



бөлісіп кететін.

Бақұл болыңыз, Айсұлу апай. Жаныңыз жәннатта болсын. Артыңыздағы ұрпағыңызға, бауырларыңызға шапағатшы болыңыз.

Ақтолқын ҚОЖРАҚОВА,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
психология және педагогика
кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі



16

Қараша-Желтоқсан, 2023 жыл

Фотоэтиюд

Түспесе де қалың болып жерге тым,
Аппақ қардай болсын деймін жүрегім.
Неткен шуақ, неткен әсем табиғат,
Көрсем деймін бір сезімнің жылуын...
Фотоларды түсірген: медиаорталық
фотографы Ернар ҚАБДЕЛОВ



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде шахматтан профессор Сания Камелованың сыйлығы үшін Облыстық студенттік турнир өтті. Оған 45 студент және 4 профессор-оқытушылар құрамы қызығушылық танытып, қатысты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында Жаңа Қазақстан үшін қуатты жастардың керек екенін атап өтіп, спортты дамытуда қолдау көрсетуді айтқан болатын. Міне, бүгінгі турнирдің өзі сіздерге алдағы үлкен жарысқа дайындықтың бір шыңы болып саналады. Осы шахмат турнирінің белсенді ұйымдастырылуына ат салысқан әріптесіміз Сания Камеловаға алғысымыз шексіз. Университетте мықты маман бо-

лып қана қоймай, спорт саласын қатар алып, өздерін жан-жақты дамытып жүрген студенттерімізге жаңа қоғамның белсенді мүшесі болуға тілектестік білдіремін. Бүгінгі жарыста сіздерге сәттілік тілеймін», - деді ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Бақтыбек Жұбандықұлы.

Сайыстың қорытындысы бойынша қыздар арасынан 1 орынды Назымгүл Атагуллина, 2 орынды Толғанай Шайкосова, 3 орынды Нұрай Кенжебек иеленсе, ұлдар арасынан 1-3 орындарды ретіне қарай Нұрбек Хайрошев, Нұрсейт Сабырғали, Жанұзақ Айтбаев қанжығасына байлады. Үздіктердің үздігінен көрінген спортшыларға алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

САЙЫС «СЕНАТОР» ҮШІН СӘТТІ БОЛДЫ

Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінде Тәуелсіздік күніне орай, 2-3 желтоқсан күндері студенттер мен магистранттар арасында республикалық пікірсайыс турнирі өтті. Аталған сайысқа Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің намысын қорғап «Сенатор» фракциясы қатысты.

11 аймақ, 32 фракция ойнаған турнирде физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу БББ 3 курс студенттері Бақдәулет Өмертаев пен Дәурен Измұханов жүлделі 1 орынды иеленіп, 300 000 теңгеге қол жеткізді. Сонымен қатар, ЛД форматындағы финалда Бақдәулет Өмертаев «Үздік талпыныс» (Үздік спикер) атанды.



«JAS-SANA» CUP-2023» ДЕБАТЫ ӨТТІ

Халықаралық Еріктілер күніне орай студенттер арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау және жат діни ағымның алдын алу мақсатында 6-желтоқсанда Атырау облысы Дін істері басқармасының қолдауымен, Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университеті және «Жәрдем-Атырау» КҚ-ның ұйымдастыруымен «Jas-Sana» ұлттық жастар клубында «JAS-SANA» CUP-2023» атты дебат жарысы өтті.

Пікірсайыс ойынына университет студенттерінен құралған төрт фракция қатысып, сөз бен ой жарысына түсті. Жастар өздерінің ой ұшқырлықтары мен тақырыптың өзектілігін анықтауда шеберліктерін көрсетіп, тамаша дебат алаңын құрды. Дебатқа Жастар саясаты департаментінің маманы, теолог, дебатер жастар төрелік етті.

Төрешілер мен қазылар алқасының шешімімен 1 орынды Ренатқызы Аружан және Жаңабай Қызғалдақ тобы, 2-орынды Исмұханов Даурен және Сүндетқызы Үміт тобы, 3-орынды Мелдебек Мерей және Қайратова Жадыра тобы мен Жалелов Рустам және Надырхан Арсен топтары қанжығасына байлады. Жеңімпаздарға кубок, алғыс хаттар мен сыйлық сертификаттары табысталды.



Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Г.Қайырғалиева – кеңесші
Ж.Қалым – редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
Е.Қабделов – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:

Редакция:

А. Тұралиев
Қ.Қуатова
Н.Самғат
Қ.Әбдібек

электрондық пошта
media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1530 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана